«Кітап- рухани қазына» десек Қарағанды облысының оқырман отбасылары саны жыл санап артуда. Бүгін «Достық үйі» ғимаратында отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, оқу мәдениетін дамыту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Оқырман отбасы» байқауының ақтық кезеңі өткізілді. «Оқырман отбасы» байқауының облыстық іріктеу кезеңі 24-25 қараша күндері өткізілді. Сарапшылардың шешімі бойынша ақтық кезеңге 15 отбасы өтті. Қатысушылар екі номинация бойынша сайысты: «Сахналық қойылым» және «Фотогалерея». Байқау комиссиясының дауыс беру нәтижелері бойынша Ә.Бөкейханов атындағы мектеп - лицейінің Касеновтер отбасы 3 орынға ие болды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/Cmg\\_T66tk0e/?igsh=MXFpenJnNDRzN2J6YQ%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Cmg_T66tk0e/?igsh=MXFpenJnNDRzN2J6YQ%3D%3D&img_index=1)

Мамырдың 12 күні Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде 5В сыныбы "Отбасы-өмір аясы" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Тәрбие сағатының мақсаты: оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шындай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Оқушылар ата-аналар, әже-аталар туған туыстыр, достар туралы өлең жолдарын оқып, осы тақырып бойынша әндер айтылып, билер биледі. Сонымен қатар ата-аналары белсенділік танытып отбасы құндылықтарына бағытталған көріністер көрсетті.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CsPwAsAIICa/?igsh=MTIybTlnNnIzeGsxe%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CsPwAsAIICa/?igsh=MTIybTlnNnIzeGsxe%3D%3D&img_index=1)

**Туындаған мәселелер:** Ата-аналарды мектеп өміріне және мектеппен бірлескен жарыс-сайыстарға қатысудың аздығы байқалды.

#### **Шешу жолдары:**

- Ата-аналарды арнайы мамандармен, мектеппен бірлескен жұмыстарға тарту.

### **5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Дана халқымыз "Атадан мал қалғанша тал қалсын" деген сөзді бекер айтпаса керек. Бүгінде баба мұрасындай болған сол бір жасыл белдеуді бүгінгі ұрпақ күтіп ұстап, көзінің қарашығындай сақтағаны жөн. Сол ізбен жалғасқан сара жол бүгінде алдыңғы аға буынның да басты ұстанымына айналғандай. Оған дәлел ретінде жыл сайын мектебімізде қолға алынатын шырша отырғызу жұмыстарын айтсақ болады. Бүгін қыркүйек айының 27 күні сондай жарасымды дүниенің жалғасын мектеп табалдырығын енді ғана аттаған 1 сынып оқушылары жалғастырды. Бұл іс шараның мақсаты сүйікті мектебіміздің көгалдануына үлес қосу.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CjBGIxAD-J-/](https://www.instagram.com/p/CjBGIxAD-J/)

Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы және аялы есігі, қуатты қонысымен өсіп — өнер мекені. Ол жалпы адам баласының ортақ қазынасы. Өткенімізге қарап келешегімізге даңғыл жол саламыз. Осы орайда, әрбір саналы жас өзі туып өскен өңірінің шежіресін қастерлеп, тарихына бас июі тиіс. Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту, қоршаған ортаны насихаттау және оған құрметпен қарау негізінде, бейнероликтерді әлеуметтік желілерде жариялау бойынша, облыстық «Киелі табиғат» жастар челленджін ұйымдастыруда. Іс-шараның мақсаты: Экологиялық еріктілікті дамыту және жас ұрпаққа қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.

**Сілтемесі:**<https://www.instagram.com/p/CjKavNoz9g/>

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесі негізінде «Ауылда 10 күн» әлеуметтік жобасы лицейімізде іске асырылуда. Басты мақсаты – ауыл өмірімен танысу арқылы оқушы бойына рухани құндылықтарды сіңіру, ауылдағы үлкендердің өнегелі әңгімесін тыңдау, қалада өсіп келе жатқан балаларға «ауыл» түсінігін қалыптастыру, ауыл тарихы мен тіршілігімен танысу, ауылдың әлеуметтік мәселелерге өзіндік пікір қалыптастыру, ауыл шаруашылығын жетілдіріп дамытатын ұрпақ тәрбиелеу, баланың жан-жақты дамуы, салт-дәстүрді ұстану және оған берік болу болып табылады. Лицейіміздің 6-сыныптары арасында 2022 жылдың 21 қазанында «Ауылда екі апта» жобасы өткізілді. Қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. I орын 6"Г" сынып оқушысы Темиргалиева Тоғжанға бұйырды. II орынды 6"В" сынып оқушысы Муканов Қазбек алды. Ал III орынды 6"Д" сынып оқушысы Есенбек Илияс иеленді.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CkVsYNStcoD/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CkVsYNStcoD/?img_index=1)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесі негізінде «Ауылда 10 күн» әлеуметтік жобасы лицейімізде іске асырылуда. Лицейіміздің 7-сыныптары арасында 2022 жылдың 17 қарашасында «Ауылда 10 күн» жобасы өткізілді. Қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. I орын 7"Г" сынып оқушысы Бектұрған Бақдаулетке бұйырды. II орынды 7"А" сынып оқушысы Тұрбеков Ибрахим алды. Ал III орынды 7"Б" сынып оқушысы Сүлейменова Алия иеленді.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/ClG2wRvt\\_qt/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/ClG2wRvt_qt/?img_index=1)

"Stem-тренд" бағдарламасы аясында Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде 2019 жылдан бастап "Гидропоника" жобасы қызмет атқарады. Мақсаты: Оқушылардың сабақта алған теориялық білімдерін, практикада яғни тәжірибе жүзінде көру, балалардың зерттеушілік қабілетін дамыту. Оқушыларды «Жасыл» экономика саясатын ұстануға, жаңа технологияларды қолдануға мектеп қабырғасынан тәрбиелеу. Гидропоника — өсімдіктерді топырақсыз, жасанды ортада — қоректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру әдісі. Мейлінше қысқа мерзімде құнарлы әрі мол өнім береді. Сонымен қатар, көкөністерді өсіру әдісімен таныстыру және өсімдіктерді дәстүрлі өсіруге қарағанда оның тиімділігін зерттеу. Жобаны іске асыру мақсатында гидропоника зертханасы ашылды. Өсімдіктерді өсіруде қолданылатын ерітіндіні, субстрат ретінде малтатас, басқа материалдарды қолдану арқылы қияр, аскөк, көк салат, райхан, көк жуа т.б. түрлерін өсіріп, өсімдіктердің вегетациялық кезеңдеріне зерттеу жасап, дәстүрлі өсіруден артықшылықтарын салыстырып отырып, оқушылар мен ұстаздар гидропоникада өсімдіктерді өсіріп, гидропонды өсірудің әдістеріне зерттеу жүргізуде.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CmL3gLANFF0/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CmL3gLANFF0/?img_index=1)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесі негізінде «Ауылда 10 күн» әлеуметтік жобасы лицейімізде іске асырылуда. Лицейіміздің 9-10 сыныптары арасында 2022 жылдың 23 желтоқсанында «Ауылда 10 күн» жобасы өткізілді. Қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. I орын 10 «Б» сынып оқушысы Орынбасарова Айгерімге бұйырды. II орынды 9 «Б» сынып оқушысы Амандос Дарья мен Магиланов Темірлан алды. Ал \*III\* орынды 9 «Г» сынып оқушысы Касымов Айбек иеленді.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CmhEpSht\\_vv/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CmhEpSht_vv/?img_index=1)

Желтоқсан айының 28-інші жұлдызында Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің 4-сынып оқушыларының «Гүлдер әлемі» үйірмесінде өсіріп, зерттеу жүргізіп жүрген гүлдерінің көрмесі ұйымдастырылды! Көрмеге мектебіміздің биология пәнінің мұғалімдері қатысып, оқушылардың зерттеу жұмыстарымен танысты, әрі таңдалған гүлдерінің күтімі мен ерекшеліктері туралы жан-жақты мағлұмат берді.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/Cm\\_kU51ITxh/](https://www.instagram.com/p/Cm_kU51ITxh/)

Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Шапағат» дебат клубының ұйымдастыруымен "Адам тіршілігі үшін экологияның қолайлы және қолайсыз тұстары" тақырыбында мектепішілік дебат ойыны өткізілді. Қатысушылар: 3-сынып оқушылары.

Мақсатымыз оқушылардың сөйлеу қабілетін арттыру, өз ойын ашық айтуға бейімдеу. Оқушылар экологиялық проблемаларды атай отырып, оларды шешу жолдарын, табиғатқа тигізе алар пайдасы туралы өз ойларымен бөлісті. Нәтижесі бойынша

1 -орын жеңімпаздары:

3 "А" сыныбы, "ҚЫРАН" командасы:

3 "В" сыныбы, "ТҮЛПАР" командасы:

2- орын жеңімпаздары:

3 "Б" сыныбы "АЛАШ" командасы

3 "Г" сыныбы "ЖАЛЫН" командасы

Үздік оратор номинациясы Нығыман Аяужан

Үздік спикер номинациясы Абдраш Нурбиби

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CnwQF2ltOD4/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CnwQF2ltOD4/?img_index=1)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесі негізінде «Ауылда 10 күн» әлеуметтік жобасы лицейімізде іске асырылуда. Лицейіміздің 2-сыныптары арасында 2022 жылдың 27 ақпанда «Ауылда 10 күн» жобасы өткізілді. Қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

1-орын. 2 сынып оқушысы Ағанас Кәусар.

2-орын. 2 сынып оқушысы Танатова Аяулым.

3-орын. 2 сынып оқушысы Ералиев Нұрасыл.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CpMdkC0NTcK/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CpMdkC0NTcK/?img_index=1)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесі негізінде «Ауылда 10 күн» әлеуметтік жобасы лицейімізде іске асырылуда. Лицейіміздің 3-сыныптары арасында 2022 жылдың 12 сәуірде «Ауылда 10 күн» жобасы өткізілді. Қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. I орын 3 «Г» сынып . II орынды 3 «В» сынып. Ал III орынды 3 «А» мен «Б» сынып иеленді.

**Сілтемесі:** <https://www.instagram.com/p/Cq-Jv82tAVC/>

2023 жылдың 17 сәуірде Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Жасыл Қазақстан» атты экологиялық сауаттылық апталығы басталды. Апталықтың мақсаты: экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатты және қоршаған ортаны аялау. 1-11 сыныптар арасында «Гүлді өсімдіктердің алуан түрлігі», «Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері», «Қозғалыстағы денсаулық», «Қанаттылардың алуан түрлігі», «Дүниежүзілік жер күні!», «Халықаралық құстар күні!», «Табиғатпен үйлесімді өмір сүруге бола ма?», «Ауа және адам денсаулығы», «Өндіріс қалдықтары», «Экологиялық кәсіптік бағдарлау» атты тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CrL4omTtpfX/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CrL4omTtpfX/?img_index=1)

23 жылдың 19 сәуірде Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Жасыл Қазақстан» атты экологиялық сауаттылық апталығының жоспары бойынша «Таза ғаламшар менен басталады» атты тақырыпта, 5-8 сыныптар арасында ойындар мен олимпиадалар өткізілді.

Дана халқымыз «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деген тәмсілді бекер айтпаса керек. Бүгінде баба мұрасындай болған сол бір жасыл белдеуді бүгінгі ұрпақ күтіп ұстап, көзінің қара шығындай сақтағаны жөн. Сол ізбен жалғасқан сара жол бүгінде алдыңғы жастардың да басты ұстанымына айналғандай. Оған дәлел ретінде «Жасыл Қазақстан» атты экологиялық сауаттылық апталығы аясында 9-11 сыныптар арасында «Таза бейсенбі» атты акциясы жүргізілді. Мектеп ауласында бекітілген аумақты абаттандыру, жинау және ағаш отырғызу.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CrPVEMEtXcf/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CrPVEMEtXcf/?img_index=1)

2023 жылдың 20 сәуірде Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде “Жасыл Қазақстан” атты экологиялық сауаттылық апталығының жоспары бойынша “Табиғат -керемет әлем” тақырыбында 1-4 сыныптар арасында “Табиғатты қорғау үшін

біргеміз” деген ұранмен танымдық сабақтар, сахналық қойылымдар, білгір клубтар, викториналар өткізілді.

**Сілтемесі:** <https://www.instagram.com/p/CrR0ib7vjQN/>

«Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы барысында «Эко білім күні» өткізілді. Күн ұраны «ЭКО-оқу-Қазір баста!» 1-4 сынып оқушылары арасында суреттер байқауы ұйымдастырылды.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CrS7-wYtq5t/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CrS7-wYtq5t/?img_index=1)

Тал отырғызу түлектер арасында дәстүрге айналған. Әр жылдың мектеп бітірушілері аулаға ағаш егіп, мектепке деген алғыстарын осылай білдіреді. Осыған сәйкес «22 сәуір – Дүниежүзілік Жер күніне» орай лицейіміздің 11-сынып бітіруші түлектері мектеп ауласына шырша отырғызды. Болашақта осы жас шырша көшеттері мәуелі ағашқа айналар деген сенім бар. Ең бастысы туған жерді түлетуге әр азаматтың парызы екенін еске салып тұратын болады.

**Сілтемесі:** <https://www.instagram.com/p/CrYXRdoPUEn/>

Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің оқушылары, мектеп парламент құрамымен, ұздары бірігіп «Жасыл мекен» республикалық челленджіне белсене қатысты. Көшеттер мен әр-түрлі гүлдер отырғызылды!

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CsLC3BcNifO/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CsLC3BcNifO/?img_index=1)

**Туындаған мәселелер:** -Оқушыларды экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобаларға қатыстырудың аздығы байқалды.

**Шешу жолдары:**

- Кәсіпорындарға саяхат, табысты кәсіпкерлермен кездесулерді ұйымдастыру.

## **6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Шахтинск қаласы Ә.Бөкейханов атындағы мектеп –лицейінде «14.11.-18.11. күндері өтетін «Әсемдік әлемі» атты эстетикалық сауаттылық апталығының ашылуы болды. Апталықтың ашылуында жұмыс жоспарымен таныстырылды. Апталықта «Бояулар еліне саяхат» тақырыбында ойын ұйымдастырылып, балалар ойын элементтерімен таныстырылып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері арттырылып, дамытылды. Балалар ойынға аса қызығушылықпен қатысып, әсемдікке деген қызығушылықтары артты.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/Ck\\_SoeLNjzL/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Ck_SoeLNjzL/?img_index=1)

Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 14-18 қараша күндері өткізіліп жатқан ІІ «Әсемдік әлемі» атты эстетикалық сауаттылық апталығы аясында 1-4 сыныптар арасында «Сиқыршы күз» жеміс-жидектер көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын дамыту, қолөнер шеберлігін қалыптастыру, шығармашылық қиялды дамыту

Көрме-байқау түрінде өткізілгендіктен, балалар ата-аналарының қолдауымен жасаған түрлі көздің жауын алатын, қайталанбайтын ерекше қолөнер туындыларын жасаған. Байқау нәтижесінде, қолөнер туындылары критерий бойынша бағаланып, жеңімпаздар да анықталып, марапатталды.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/Ck\\_TW\\_6t66y/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Ck_TW_6t66y/?img_index=1)



2022 жылғы 25 қарашада Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Әлемнің құпия бейнесі» атты жобасы аясында 6-сынып оқушыларының арасында «Сіз білмейтін өсімдіктер» атты сайысы өтті. □Сайыстың мақсаты:Туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке, өсімдіктерді табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу; Экологиялық білім негіздерін қалыптастыру;Айналадағы дүниеге бақылауды және қызығушылықты дамыту болып саналады. Оқушыларымыз сайысқа белсене қатысты. Сайыстың қорытындысы бойынша "Терек" тобы 1 орын, "Ақ қайың тобы" 2 орын, "Молекула" тобы 3 орын. Оқушылар алғыс хаттармен марапатталды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/ClsvtF\\_LUwe/](https://www.instagram.com/p/ClsvtF_LUwe/)

Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ә.Бөкейханов ат.мектеп-лицейінде «Әлемнің құпия бейнесі» атты жобасы қызмет атқарады. Жоба оқушылардың географиялық ақпараттарды меңгеруін, білімдерін жетілдіруін, мәдениетаралық коммуникативтік біліктерін қалыптастыру мен дамытуын, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға көмек береді.

Жобаға 7-11 сынып оқушылары қатысады. Жоба арқылы оқушылар әлем ғажайыптарымен танысады, мәліметтерді көру арқылы дүниетанымы кеңейеді, географиялық білімін жетілдіреді. Осы жоба аясында әр ай сайын оқушылар тақырыптарға сай жоба қорғайды, картамен жұмыс жасайды, түрлі интеллектуалды сайыстарға қатысады, жинаған ақпараттарын үш тілде жеткізе білуге дағдыланады.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CmDVZ0voQTk/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CmDVZ0voQTk/?img_index=1)

«Әлемнің құпия бейнесі» атты жоба Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде өз жұмысын жалғастыруда. Жобада 7-сыныптар арасында "Жануарлар дүниесі" атты зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың география пәнін терең меңгеруге, жануарлар туралы қызықты деректермен таныстыруға, жануарлардың географиялық орнын анықтауға, табиғатты қорғауға және оқушылардың логикалық ой-өрісін дамытуға көмек береді. Жоба қызықты әрі тартысты өтті. Жоба арқылы оқушылар жануарлар туралы қызықты деректерді білді логикалық жұмбақтар берілді, берілген жануарлардың суреттері бойынша географиялық орналасуын картадан анықтау арқылы географиялық білімін жетілдіреді. Ең соңында оқушылар марапатталып, жүлделі орындарға ие болды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/Cn1TRvBNIKx/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Cn1TRvBNIKx/?img_index=1)

Ә.Бөкейханов мектеп - лицейінде география пәні бойынша "Әлемнің құпия бейнесі" жобасының аясында "Әлемнің таңғажайыптары" атты 7- сыныптар арасында кезекті сайыс ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты: білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ізденімпаздылығын, ойлау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашылық қабілеттері мен топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы сыни көзқарастарын дамытып, жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік жасау арқылы тәрбиелеу.Сайыс барысында оқушылардың география пәніне қызығушылықтары мен белсенділігі артып, ұйымшыл болып, шапшаң ойлап, тез шешім қабылдап, бір-біріне көмектесіп, география пәнінен алған білімдерін шыңдай алды. Соңында үздік топтар мадақтамалармен марапатталды.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/CpP2m7ctKnm/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CpP2m7ctKnm/?img_index=1)

2023 жылдың 27 ақпан мен 27 наурыз аралығында инклюзивті білім беруге арналған іс-шаралар айлығын өткізу аясында, Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде ерекше білімді қажет ететін білім алушылар арасында «Әлем қандай

әдемі!» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Суреттер көрмесінің мақсаты: ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты үйрету. Олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. Өнерді құрмет тұту, оған сүйіспеншілігін арттыру. Өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу. Аталған іс-шараға ата-аналар мен балалар белсене қатысып, нәтежиесінде суреттерден көрме ұйымдастырылды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CpSqOcpNICd/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CpSqOcpNICd/?img_index=1)

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды. Осы орайда, 2023 жылдың 1 наурыз күні Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Театр күні» аталып өтті. Іс-шараның мақсаты: балалардың рухани әлемін, адамгершілік қасиеттерін арттыру, ұлттық мәдениетке құрметпен қарауға баулу. Аталған іс-шараға 2 «Б», 5 «Г», 8 «А», 9 «В» сынып білім алушылары белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік іс-шараны «Шаттық» би ансамблінің бишілері қыздыра түсті. Іс-шара көрермендер көңілінен шықты. Барша қатысушыларға және өнерге баулыған жетекшілеріне алғысымыз шексіз.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CpSpuU2tM2J/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CpSpuU2tM2J/?img_index=1)

Мектеп-лицейіміздің бастауыш сынып оқушылары Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Әлем қандай тамаша» жобасы аясында ұйымдастырылған сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, «Шығармашылық мозаика» қолөнер сайысында Башкенова Айым – II орын, Асанов Рустем - III орынды иеленді. Жетекшісі: Ахмағанбетқызы Ж. «Анық, айқын, түсінікті» атты жаңылтпаштар сайысында Шуленбаев Дидар – II орынға ие болды. Жетекшісі: Рахимбекова С.А. Байқауларға қатысу барысында білім алушы өзінің ерекше шығармашылық әлемін қалыптастырады, әрі жақсы жетістіктерге жетуге ынталандырады.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CsbZ6Mft8Lh/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CsbZ6Mft8Lh/?img_index=1)

### **Туындаған мәселелер:**

Оқушыларды мәдени орындарға апарудың аздығы байқалды.

### **Шешу жолдары:**

Жастарды мәдени орындарға, театрларға, көркем сурет көрмелеріне, тарихи орындарға саяхатқа апару жұмыстарын дамыту.

## **7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Шапағат» дебат клубының ұйымдастыруымен және лицейіміздің тарих пәні мұғалімдерінің қолдауымен мектепшілік дебат ойыны өткізілді. Мақсатымыз жастардың сөйлеу қабілетін арттыру, өз ойын ашық айтуға бейімдеу. Дебат ойынында қозғалған тақырыптар: 5-6 сыныптар; БП Шет елде білім алу қажет деп санайды. 7-8 сыныптар; БП Қазақ жастарын ұлтшыл деп санайды. Нәтижесі бойынша I орын жеңімпаздары: 5 "Б" сыныбы, "БІРЛІК" командасы: Олимпиад Жұлдыз, Үмбетай Аида, 7 "В" сыныбы, "АЛАШ" командасы: Каржасова Арай, Дубай Кәусар 3 орын жеңімпаздары: 6 "Б"

сыныбы "ЖАУЫНГЕР" командасы Райханова Сабина, Тулувхан Нұртас, 8 "Г" сыныбы "ЖАЛЫН" командасы Ертiс Наз, Мирзалиева Назерке, Үздік оратор номинациясы Каржасова Арай, Үздік спикер номинациясы Олимпиад Жұлдыз, Үздік қарсыласшы номинациясы Мирзалиева Назерке.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/Cj8VytCNYrx/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Cj8VytCNYrx/?img_index=1)

А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткізілген пікірсайыс клубтары жетекшілерінің құрама командалары арасындағы облыстық турнирі өз мәресіне жетті. Турнир «Дарын»ММЛИ базасында ұйымдастырылып, тартысы сайыс жеңімпаздары анықталды.Бұл пікірталас сайысында лицейіміздің жас маманы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Байдүйсен Ақмерей Нұрсұлтанқызы 2-орынға ие болды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CkjAoDFNfHJ/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CkjAoDFNfHJ/?img_index=1)

Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде “Шапағат” дебат клубы ұйымдастыруымен “Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты тақырыпта мектепшілік дебат ойыны өткізілді. Мақсатымыз оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Қатысушылар: 9-10 сынып оқушылары. Дебат ойынында қозғалған тақырыптар: БП білім беру ұйымдарында балаларға қарсы зорлық-зомбылықпен күресу тиімді ме? Балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу және жою мақсаттарына жету үшін бірқатар стратегияларды іске асыру маңызды. Алдын алу деңгейінде балаларға кез-келген түрде, соның ішінде дене жазалауы түрінде зорлық-зомбылық көрсетуге тыйым салатын заңнамамен қамтамасыз ететінін дәлелдеп шықты.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CIBOo8Vt9Ab/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CIBOo8Vt9Ab/?img_index=1)

Лицейіміздің “Шапағат” дебат клубы, “Бала құқығы - адам құқығы” атты тақырыпта дебат ойынын өткізді. БП Қазақстан Республикасының бала құқығы заңды түрде орындала ма? Бала құқығы тақырыбы қоғамдағы өзекті мәселе екенін ішінара тағы бір дәлелдеген іспеттіміз. Себебі оқушылардың ойлары тағы да екіге бөлінді. Бір жақ қоғамдағы бала құқығының аяқ асты болып жатқанын алдыға тартса, оған қарама қарсы топ бала құқығының дәрежесі жоғары екенін дәлелдеп бақты.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CIN0cMGtvFh/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CIN0cMGtvFh/?img_index=1)

ҚО ББД ОӘО ұйымдастыруымен «Тарих толқынында» тарихи сауаттылық апталық аясында 9-сыныптар арасында «Ақылдылар мен алғырлар»атты танымдық ойын сайысы өткізілді.

Мақсаты: Балалардың еркін сөйлеуге, ойын толық жеткізуге, ойлау қабілеттерін дамыту.

Танымдық ойын барысында 9-сынып оқушылары белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты. Оқушыларға тарихи әр түрлі сұрақтар қойылды. Танымдық ойын 5 кезеңнен тұрды.Ойынның шарттары: 1. Таныстыру (сынып, ұранын айту) 2. "Тіл өнер" (терминдік тарихи сөздердің анықтамасын айту) 3. “Көкпар”(әр топқа 5 сұрақтан қойылады) 4. «ОЙЛАН ТАП!» (сөзжұмбақтар шешу) 5. Тұлғаны тану (тұлғаға қатысты мәлімет айту). Ойын барысында оқушылар өздерін таныстырып, әр топқа қойылған сұрақтарға қызығушылықпен және шапшандықпен жауап беріп отырды. Оқушылардың сайысқа жақсы қатысуы олардың тарих пәнінен деген қызығушылықтарының бар екендігін білдірді. Танымдық ойынның

қорытындысы бойынша мына сыныптар жеңімпаз атанды. I орын 9 А сыныбы, II орын 9 Г сыныбы, III орын 9 Б және 9 В сыныбы.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/C186M8it46h/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C186M8it46h/?img_index=1)

ҚО ББД ОӘО ұйымдастыруымен «Тарих толқынында» тарихи сауаттылық апталық аясында «Не?Қайда?Қашан?» атты зияткерлік-іскерлік сайысы болып өтті. Мақсаты: Оқушылардың еліміздің тарихына деген қызығушылығын арттыру, сайыс барысында оқушылар топпен жұмыс жасап, өз ойларын ашық айтуға дағдыландыру,өзінің жауапкершілігін сезіне білуіне және өз бетінше жұмыс істеуге жұмылдыру, жан-жақты ойлауын, ізденуін, есте сақтау қабілетін, дүниетанымын арттыру. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық өй-өрісін кеңейту. Сайыс барысында сұрақтар жасырылған конверттер, плакаттар, портреттер, қоржын, нөмірленген шариктер қолданылды. Сайысқа 10-11 сынып оқушылары 2 топқа бөліну арқылы қатысты. 10- сынып оқушылары «Егемендік» тобы, ал 11- сынып «Мемлекет» деп топқа бөлініп жарысты. Сайыс 5 кезеңнен құралды. 1 кезең «Тарихи кезеңдер», 2 кезең «Тарихи тұлғалар», 3 кезең «Батырлар жыры», 4 кезең «Тәуелсіздік тұғырым», 5 кезең «Капитандар сайысы». Сайыс соңында әділ-қазы алқалары Тусивахын З., Аспандиярова Г.Б қорытынды баллдарын есептей келе I орынды «Егемендік» тобына, II орынды «Мемлекет» тобына берді. Сайысқа қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

**Сілтемесі:**<https://www.instagram.com/p/C1868TPN2aB/>

ҚО ББД ОӘО ұйымдастыруымен «Тарих толқынында» тарихи сауаттылық апталық аясында 7 сыныптар арасында Шахтинск өлкесі туралы «Менің өлкем» атты танымдық ойын сайысы желтоқсанның 5 жұлдызында өтті. 7 сыныптың оқушылары сайысқа белсенді қатысты, өз өлкелері туралы біраз мәліметтер біледі екен. Танымдық ойынның қорытындысы бойынша мына сыныптар жеңімпаз атанды. I орын 7 В сыныбы, II орын 7 А сыныбы, III орын 7 Г сыныбы.

**Сілтемесі:** [https://www.instagram.com/p/C187gIltQjk/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C187gIltQjk/?img_index=1)

Лицейіміздің "Шапағат" дебат клубы «Интернеттің пайдасы мен зияны» атты тақырыпта мектепшілік дебат ойыны өткізілді. Қатысушылар:4—сынып оқушыларыМақсаты: оқушыларда интернет, ұялы телефон туралы ой қалыптастыру. Оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін арттыру, ой—өрісін, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. БП интернет пайдалы деп санайды. Тақырып төңірегінде оқушылар ойы екіге бөлінді. Жақтаушы топ бүкіл дүниежүзінде адамдардың 90% интернетке кіретінін атап көрсетіп, интернеттің маңызын дәлелдеуге тырысты. Қарсылас топ оның зияны да аз емес екенін дәлелдеп шықты.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CmHWNgttdSq/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CmHWNgttdSq/?img_index=1)

Шахтинск қаласының білім бөлімінің пікірсайыс қозғалысын дамыту жөніндегі жоспарына сәйкес 2023 жылғы 10 наурызда ұлттық пікірсайыс турнирі өткізілді. Турнир АПФ форматында өтті.Турнир қорытындысы бойынша «Ә.Бөкейханов атындағы МЛ-нің «Шапағат» командасы 1-орынға ие болды. Команда мүшелері Уақова Айдана мен Аманбекова Гульжана "Үздік спикер" номинациясын жеңіп алды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CpvBn1HtlS4/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CpvBn1HtlS4/?img_index=1)

31- наурыз күні Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің Шашубай кенті МБК ТМ (РО) КММ "Алау" пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен оқушылар арасындағы облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді.Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейіміздің «Шапағат» фракциясы

«Жастар финалы» бойынша жүлделі 3 орынға ие болды. Фракция мүшелері: Уакова Айдана мен Темиргалиев Адиль.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/Cqev-BbNvIC/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Cqev-BbNvIC/?img_index=1)

Оқушылардың білімін жан-жақты тексеріп, таным көкжиегін кеңейтетін зияткерлік байқау болып саналады. 2023 жылғы 17 мамыры С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі базасында 10- сынып оқушылары арасында облыстық “Dagaboz” зияткерлік байқауының қалалық кезеңі өткізілді.

Сайыстың басты мақсаты - оқушылардың оқу-білімге қызығушылығын арттыру, әділ әрі ашық белсенділік негізінде білімді жас дарындыларды қолдау. Сайыс сұрақтары еліміздің әдебиет пен мәдениеттен бастап, ғылым, спорт және медицинаға дейін әртүрлі тақырыптарды қамтылды. Сайыс қорытындысы бойынша: 2 орынды Магиланов Темирлан. 3 орынды Қалқаман Әділ мен Казенбай Мейрамгуль ие болды.

**Сілтемесі:**<https://www.instagram.com/p/CsY1oy8toKU/>

**Туындаған мәселелер:**

- Мектепшілік және сыртқы үйірме секцияларына оқушыларды тарту.

**Шешу жолдары:**

«Қазақша Википедия», «Қамқор» еріктілер клуб жұмыстарын жандандыру.

## **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Денсаулық – адам жанының және қоғамның басты байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек, оны сақтап одан әрі нығайтып, спортқа деген қызығушылығын арттырып отыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлышына кірісетіні де осы себепті.

«Денің сау болса - бәрін аласың!» атты денсаулық фестивалі 2022 жылғы қыркүйек айының 9 күні «Балалар жылына» орай Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде Денсаулық фестивалі ұйымдастырылды. Денсаулық фестивалінде 1-ші сыныптан 9-ші сыныпқа дейін қатыстырылды. Мерекелік шараны мектеп алдында салтанатты ашылуын өткізіп, лицей директоры Есмағанбетов Арарат Мылтықбаевич оқушыларға салауатты өмір салтын ұстануын және мықты денсаулық тілеп өз жылы лебізін білдірді. Спорт нұсқаушылары оқушыларға қауіпсіздік ережелерін және өтетін іс-шараларымен таныстырды. Денсаулық күніндегі іс-шаралар мектеп маңындағы жазықта өткізілді. Оқушылар арасында әртүрлі спорттық эстафеталар, қашықтыққа жүгіру және футбол, волейбол сайыстары өткізілді. Оқушыларымыз таза ауада, табиғат аясында жақсы демалып қайтты..

Фестивальдің басты мақсаттарының бірі – оқушыларды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Аталмыш спорттық ойындарға мектеп – лицейіміздің оқушылары асқан қызығушылықпен қатысып белсенділік танытты. Жарыс қорытындысы бойынша спорттық шараларға жауапкершілікпен қатысқан сынып оқушылары марапатталды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/reel/CiSsCIkPdDT/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/CiSsCIkPdDT/?utm_source=ig_web_copy_link)

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CiSPtvctk4q/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CiSPtvctk4q/?utm_source=ig_web_copy_link)

2022-2023 оқу жылы дене шынықтыру пәні бойынша дарынды оқушылармен атқарылған жұмыстар нәтижесін берді. Оқушылардың күш, жылдамдық қасиеттерін дамытып, жетілдіру мақсатында және сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды спортқа тарту мақсатында дойбы, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, үстел теннисі, баскетбол, қол добы, асық ату, футбол, шахмат, жазғы және қысқы президенттік көп сайысы спорт түрлері бойынша күнделікті жұмыстар атқарылады.

Лицейіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының спорт фракциясының басшысы Каржасов Сырымның басқаруымен "Балалар жылына" орай 9-11 сынып оқушылары арасында волейбол жарысын ұйымдастырды. Жұлделі орынға ие болған ойыншылар грамота және кубоктармен марапатталды!

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/CkznMWPIm01/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/CkznMWPIm01/?img_index=1)

Қарағанды облысының білім басқармасы, білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2023 жылғы 20-24 ақпан аралығында лицейімізде «Дені саудың-жаны сау» атты дене шынықтыру апталығының бірінші күні өз бастауын алды. Іс-шараның мақсаты: Дене шынықтыруды қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтар мен оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру болып табылады. Апталықтың бірінші күні таңғы жаттығудан басталды. Дене шынықтыру апталығының аясында апталықтың ашылуына арналған жиын өткізіліп, 5-7 сыныптар арасында «Баскетбол мергені» атты спорттық іс-шара өтті. 10-11 сыныптарға арналған «Өңірдің үздік спортшыларымен кездесу» атты тақырыбында лицейіміздің мақтанышы 11-сынып оқушысы, үлкен жасөспірімдер арасында жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының командасының мүшесі. Кувейтте өткен Азия чемпионатының қатысушысы. Өзінің жас аралығында биіктікке секіруден 195 см нәтижесімен Қазақстанның үздік спортшысы болып табылатын Тоқай Дарын Балқанұлымен кездесу ұйымдастырылды.

**Сілтемесі:**[https://www.instagram.com/p/Co44g-JtzDO/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/Co44g-JtzDO/?img_index=1)

#### **Бірінші жарты жылдықтағы қалалық жарыстағы жетістіктер:**

- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген футболдан ұлдар құрамасы 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.
- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген футболдан қыздар құрамасы 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.
- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген футболдан ұлдар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.
- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген футболдан ұлдар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.
- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген асық атудан ұлдар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.
- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген асық атудан қыздар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.
- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген асық атудан ұлдар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.
- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген асық атудан қыздар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген асық атудан ұлдар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген асық атудан қыздар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген Шахматтан, Шайзада Н., Мұратбекқызы Ф. 1 орын, Елубеков Ж. 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген баскетболдан ұлдар құрамасы 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тоғызқұмалақтан Шахтинск қаласының ерлер мен әйелдер арасындағы жеке біріншілікте лицейіміздің оқушылары Шилдебаев Асет және Тулегенова Камшат 1 орынға ие болды.

### **Екінші жарты жылдықтағы қалалық жарыстағы жетістіктер:**

- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген үстел теннисі жарысында 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 6 оқушы.

- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген үстел теннисі жарысында 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 6 оқушы.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген үстел теннисі жарысында 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 6 оқушы.

- Қалалық шаңғы жарысынан лицейіміздің оқушылары жалпы командалық есеп бойынша 3 орынға ие болды. Жекелей есеп бойынша қыздар арасында Оспанова Камила 2 орын.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген волейбол ұлдар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген волейбол қыздар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген волейбол ұлдар құрамасы 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген волейбол қыздар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген волейбол ұлдар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 5-6 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген волейбол қыздар құрамасы 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген гандбол қыздар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- 7-8 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген гандбол ұлдар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- Дәстүрлі қалалық жеңіл атлетикалық эстафетада 1 орын. Жарысқа қатысушылар саны 9 оқушы.

### **Бірінші жарты жылдықтағы облыстық жарыстағы жетістіктер:**

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген облыстық «Бес асық» жарысында қыздар құрамасы 2 орын. Жарысқа қатысушылар саны 3 оқушы. Камалова Ж., Мұратбекқызы Ф, Райханова С.

- 2010 жылы туылған жасөспірімдер арасында жеңіл атлетикадан Қарағанды қаласының ашық біріншілігінде биіктікке секіруден 7 Д сынып оқушысы Бесенбай Елнур 1 орынға ие болды.

- Қазақша күрестен Қарағанды қаласында өткен облыстық жарыста 11 А сынып оқушысы Саттаров Ибрагим жүлделі орынға ие болды.

- Республика күніне арналған Жеңіл атлетикадан Қарағанды біріншілігінде биіктікке секіруден 8 Б сынып оқушысы Смайлов Адильжан 1 орынға ие болды.

- Қарағанды қаласының біріншілігінде жеңіл атлетикадан 4\*100 эстафеталық жүгірісте лицейіміздің оқушылары топ жарды. Атап айтсақ; Нуркаш Марғұлан -1 орын, Смайлов Адильжан -1 орын, Бесенбай Елнур – 1 орын.

- 2010 және 2011 жылы туылған ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Жеңіл атлетикадан ОМБЖОРМ» КМҚК біріншілігінде лицейіміздің оқушылары жоғары жетістіктерге жетті. Атап айтқанда: 2 орын - Тукенов Даулет, 3 орын - Скаков Нуржас, 3 орын - Тажибаев Асылбек, 3 орын - Дауіт Али.

- 2010-2011 ж.т. жасөспірімдер арасындағы Ильгиз Султановты еске алуға арналған Шахтинск қаласының дәстүрлі баскетбол турнирінде лицейіміздің оқушылары Бесенбай Елнур мен Ермеков Асылжан және Еликбай Ислам 1 орынға ие болды.

#### **- Екінші жарты жылдықтағы облыстық жарыстағы жетістіктер:**

-2009-2010 жылы туылған ұлдар мен қыздар арасындағы «Қысқы демалысқа» арналған «Жеңіл атлетикадан ОМБЖОРМ» КМҚК біріншілігінде оқушыларымыз жоғары жетістіктерге жетті атап айтқанда: 1- орынға, Нуркаш Марғұлан, Бесенбай Елнур, 2-орынға Қуатбекұлы Асылан, Скаков Нуржан, 3-орынға Тукенов Даулет ие болды.

- Халықаралық волейбол күніне арналған облыстық жарыста лицейіміздің оқушылары Канафин Саянмен Сабир Нұрасыл жүлделі 2 орынға ие болды.

- 2008 ж.т. және одан кіші жасөспірімдер арасында өткен Қарағанды облысының біріншілігінде Баскетболдан Шахтинск құрамасы жүлделі 2 орынға ие болды.

- Тоғызқұмалақтан 15,17,19,21 жастағы жасөспірімдер мен жастар арасындағы Қарағанды облысының жекелей Чемпионатында лицейіміздің 11-сынып оқушысы Шилдебаев Асет жүлделі 3 орынға ие болды.

- 9-11 сыныптары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» аясында өткізілген облыстық «Гандбол» жарысында ұлдар құрамасы 3 орын. Жарысқа қатысушылар саны 10 оқушы.

- Командалық үштік сайыстан 2009-2010 жылы туылған ұлдар мен қыздар арасындағы «Жеңіл атлетикадан ОМБЖОРМ» КМҚК біріншілігінде оқушыларымыз жеңімпаз атанды. Атап айтқанда: Смайлов Адильжан; Нұрқаш Марғұлан; Бесенбай Елнур; Қуатбекұлы Асылан.

- Жалпы білім беретін мектеп және мамандандырылған мектеп-интернаттар 9-11 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақтан «Ұлттық мектеп лигасы» аясында лицейіміздің оқушылары облыстық кезеңінде жүлделі 3 орынға ие болды.

- Жеңіл атлетикадан Сәтбаев қаласында өткен облыс біріншілігінде лицейіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды. 4×100 эстафеталық жүгірісте, Кульмаганбетова Аружан, Жакенова Аружан 2 орынға ие болды. 50 м қашықтықта, Мухит Тамерлан 2 орын, Токтаубай Кайраткер 3 орынға ие болды.



- Шағын футболдан Қарағанды облысының біріншілігінде 2009-2010 ж.т. жасөспірімдер арасында «2022-2023 қыс» кезеңінде лицейіміздің оқушысы 1 орынға ие болып, үздік қорғаушы атанды.

#### **Бірінші жарты жылдықтағы республикалық жарыстағы жетістіктер:**

- Алматы қаласында өткен қазақ күресінен республикалық жасөспірімдер арасындағы «Rysqul Ligasynda» лицейіміздің 10 А сынып оқушысы Каржасов Ақжол 2 орынға ие болды.

- Алматы қаласында 7-9 қыркүйек аралығында жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының Чемпионаты. Жарыстың бірінші күні биіктікке секіруден 195 см нәтижесімен лицейіміздің 11 Б сынып оқушысы Тоқай Дарын 1 орынға ие болып өзінің жеке рекордын жаңартты.

- Жеңіл атлетикадан 2005-2006 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы А.З. Кирсановтың V Мемориалында биіктікке секіруден 190 см нәтижесімен лицейіміздің 11 сынып оқушысы Тоқай Дарын 1 орынға ие болды.

#### **Екінші жылдықтағы республикалық жарыстағы жетістіктер:**

- Футзалдан 2009 ж.т. жасөспірімдер арасында өткен IV Қазақстан Республикасының Чемпионатында 8 Г сынып оқушысы Балтабаев Меирлан 1 орынға ие болып жарыстың «Үздік сұрмергені» номенациясын жеңіп алды.

- Астана қаласында өтіп жатқан жеңіл атлетикадан жабық кешенде 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионатында лицейіміздің оқушысы Тоқай Дарын жүлделі 2 орынға ие болды.

- Лицейіміздің 11 сынып оқушысы Шилдебаев Асет Көкшетау қаласында өткен тоғызқұмалақтан ерлер арасындағы командалық Қазақстан Республикасының чемпионатында блиц түрі бойынша 1 орынға ие болды.

- 2006-2007 жылы туылған ересек жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Қарағанды облысының Батыр кеншілерін және Социалистік Еңбек Ері, кенші Я.Мусағалиевті еске алуға арналған жеңіл атлетикадан Республикалық Мемориалда үш қрағып секіруден лицейіміздің 11-сынып оқушысы Тоқай Дарын 1 орынға ие болды.

- Алматы қаласында өткен қазақ күресінен республикалық жасөспірімдер арасындағы «Rysqul Ligasynda» лицейіміздің 11-сынып оқушысы Саттаров Ибрагим 3 орынға ие болды.

- Футболдан балалар жаттықтырушысы Бочеваров Валерий Ивановичты және ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Муратиди Константин Ивановичты еске алуға арналған 2009-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы Алматы облысының ашық турнирінде лицейіміздің 8-сынып оқушысы Балтабаев Меирлан 3 орынға ие болып турнирдің «Үздік қорғаушысы» номенациясына ие болды.

- 17-21 сәуір аралығында Қостанай қаласында бокстан өткен 2009-2010 ж.т. қыздар арасында Қазақстан Республикасының Чемпионатында 8-сынып оқушысы Оспанова Камила жеңімпаз атанды.

#### **Туындаған мәселелер:**

- Республикалық өткізілетін сайыстарға оқушылардың аз қатысуы.

#### **Шешу жолдары:**

- Республикалық өткізілетін сайыстарға оқушыларды өз денгейінде талапқа сай дайындау

## **2023-2024 оқу жылы:**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақтілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салты нұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жетіата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әрісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

### **Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

#### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

#### **Күтілетін нәтижесі:**

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл  
Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді  
Елінің тарихын құрметтейді  
Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді  
Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұятқұндылығы:**

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командамен жұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтын ұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Уақытпен қаржыны тиімді жоспарлау.

Іс-шараның атауы	Жариялануы туралы сілтеме
<b>ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ</b>	
1 қыркүйек-Білім күні «Мектеп-мейірім мекені» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Мектеп-лицейімізде тәрбие жұмысы бойынша бір жылдық кешенді жоспар директормен бекітіліп, сол жоспар бойынша жылдық циклограмма құрылып жұмыстар атқарылуда Тәрбие жұмысының басты мақсаты ол жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. 2023 жылдың 1-қыркүйегінде Мектебіміздің ұжымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын тыңдады <a href="https://www.instagram.com/p/CwpaCvttM6Z/?igsh=eG50ODB3eTFkeW5y">https://www.instagram.com/p/CwpaCvttM6Z/?igsh=eG50ODB3eTFkeW5y</a>

<p>мектебі, «Мейірім» аналар мектебі («Ұлттық мектеп лигасы») жобасын іске асыру)</p>	<p>- Жоба аясында «Асыл әжелер» мектебі халықтық медицина, емдік шөптердің қасиеті жайлы тәжірибелік сабақ көрсетті. «Әжелер мектебі» мен «Медициналық сыныптың» сабақтастық сабағынан қатысушылар үлкен әсер алды!  <a href="https://www.instagram.com/p/C0fx6QJCVG2/?igsh=MWxoM21ubDdydnIy&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C0fx6QJCVG2/?igsh=MWxoM21ubDdydnIy&amp;img_index=1</a></p> <p>“Медицинаға қадам “ жоба аясында мектеп - лицейімізде “Дұрыс тамақтану “ айлығы жоспарланып, салтанатты ашылуы өткізілді. Денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.  <a href="https://www.instagram.com/reel/Cz5zEGVN1BW/?igsh=MXZvNzM2ZWU5MjdqaA%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/Cz5zEGVN1BW/?igsh=MXZvNzM2ZWU5MjdqaA%3D%3D</a></p> <p>“Оқу әдістемелік орталығының “ бағдарламасы негізінде “Медицинаға қадам” жобасы аясында 2023 жылдың қараша айында мектеп-лицейімізде “Дұрыс тамақтану айлығы” өткізілді. Оқушылар арасында әр-түрлі челленджер, ашық сабақтар, дебаттар, сурет сайыстары, буклет, альбомдар жасалды, тәрбие сағаттары өткізілді.  <a href="https://www.instagram.com/a.bokeikhanov_ml_/reel/C0f_842N_NcE/">https://www.instagram.com/a.bokeikhanov_ml_/reel/C0f_842N_NcE/</a></p> <p>“Оқу әдістемелік орталығының “ бағдарламасы негізінде Облыстық «Бірыңғай тәрбие бағдарламасы» аясында 2023 жылғы 4 желтоқсанында Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицей базасында «Медицинадағы маңызды қадам» атты қалалық іс-шара өтті, оған Шахтинск қаласының жалпы орта білім беру ұйымдарының медициналық сынып оқушылары қатысты. Іс-шара барысында балалармен «Әжелер мектебі» жұмысы аясында халықтық медицинаның көне дәстүрлерімен, сүт өнімдерінің, шөптердің емдік қасиеттерімен оқыту және таныстыру сабағы өткізілді. Әрі қарай қатысушылар анатомия бойынша сұрақтарға жауап беретін ойынға қатысты. Соңында адам ағзасының мүшелері бойынша тақырыптық басқатырғыштар ойын түрінде жиналды. Сондай-ақ, практикалық жұмыс жүргізілді, асқазанның бұзылуы кезінде химиялық тәжірибе жүргізілді. Суға бату және жол апаты кезінде алғашқы көмек көрсету бойынша рөлдік ойындарға қатысу танымдық сипатқа ие болды. Соңында барлық қатысушылар сертификаттармен және сыйлықтармен марапатталды.  <a href="https://www.instagram.com/p/C0gHPPstdm_/?igsh=YXM1MGlyYTRsamg5&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C0gHPPstdm_/?igsh=YXM1MGlyYTRsamg5&amp;img_index=1</a></p>
<p>«Қош келдің, Жаңа жыл»</p>	<p>"Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Жаңа жылдық мерекелер балалар мен ересектер үшін керемет уақыт. Бұл күндері бақытсыздыққа ұшырамауы үшін балалардың да, ересектердің де қауіпсіз мінез-құлық шараларын сақтауға ерекше назар аудару қажет. Демалыс кезіндегі ережелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖЖЕ ережелерін сақтаңыз;</li> <li>- Өрт қауіпсіздігі және электр құралдарын пайдалану ережелерін сақтаңыз;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтаңыз;</li> <li>- Көшеде жеке қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз;</li> <li>- Жануарларды ұстау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз;</li> <li>- Өткір, тесетін және кесетін, жанғыш және жарылғыш заттарды абайлап ұстаңыз.</li> </ul> <p>Жаңа жыл- әр жыл сайын күтетін ең сүйкімді, ең мейірімді, ертегі мерекесі. Мерекеде оқушылар ән айтып, би билеп өте керемет кеш болды.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C1a1GZ3CiOI/?igsh=MWozbWpoN2FkYnRtNw%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C1a1GZ3CiOI/?igsh=MWozbWpoN2FkYnRtNw%3D%3D&amp;img_index=1</a></p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебіміздің оқушылары түрлі тақырыптарда сынып сағаттарын өтуде. 25 желтоқсан күнгі сынып сағаттары " Қош келдің, жаңа жыл!" тақырыбында өтті. Жаңа жыл оқушылар жыл сайын күтетін ең сүйікті, мейірімді, ертегі мерекесі. Мерекелік атмосфераны құру, түрлі іс әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу мақсатында тәрбие сағаты өтті.</p> <p>Сыныптар оқушыларға арналған көңіл көтеретін ойын-сауық кешіне айналды. Әндер, ойындар, құттықтаулар мен билер бірін - бірі алмастырды. Уақыт лезде зымырап өтті, бірақ шанайы күлкі, балалардың бақытты көздері және келесі жылдан жақсылыққа деген үмітпен байланысты үміттер қалды.</p> <p>Ұстаздарымыз ертегілер әлемінде бұл жолы жаңа трендтан қалмай мұғалімдеріміз ертегілер киіпкерлері ретінде әдемі жаңа жылдық көңіл күйде киініп, өз өнерлерін паш етіп таң қалдырды.</p> <p>«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»-деп данышпан Абай айтқандай, ерінбей, жалықпай еткен еңбегінің арқасында шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген Ә.Бөкейхан атындағы мектеп-лицейінің ұстаздары. <a href="https://www.instagram.com/reel/C1bv-9tK0h/?igsh=OGxjNzY2aTUwZW8%3D">https://www.instagram.com/reel/C1bv-9tK0h/?igsh=OGxjNzY2aTUwZW8%3D</a></p>
<b>ҚАҢТАР—«ҰЛТТЫҚКОД» айы</b>	
Қысқы демалыс	<p>Қысқы демалысты тиімді өткізу мақсатында 5Д сынып оқушылары мектепте кино көріп, балалар үйлеріне керемет әсер мен тамаша көңіл күйге бөленіп қайтты.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C13qGiBNj2G/?igsh=amp">https://www.instagram.com/reel/C13qGiBNj2G/?igsh=amp</a></p> <p>Лицейімізде мұғалімдер арасында ТИМБИЛДИНГ ойыны өткізілді.</p> <p>Ойынға қатысушылар топқа бөлініп, әр кезең бойынша тапсырмалар орындап, соңында өз өнерлерін көрсетті.</p> <p><b>ТИМБИЛДИНГ ОЙЫНЫНЫҢ МАҚСАТЫ:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұжымдағы ынтымақтастықты нығайту;</li> <li>- Шығармашылық идеяларды дамыту;</li> <li>- Креативті идеяларды ортаға салу;</li> <li>- Әріптестерді жан-жақты қырларынан тану;</li> <li>- Жағымды атмосфера қалыптастыру.</li> <li>- Жағымсыз көңіл-күйден арылу, позитивті көңіл-күй сыйлау;</li> <li>- Ұжым арасында бірлікті, ұйымшылдықты жандандыру.</li> </ul> <p><a href="#">#ТИМБИЛДИНГКЕ</a> қатынасқан командалар кәсіподақ атынан</p>

	<p>бағалы сыйлықтармен марапатталынды. Ойынға қатысқан ұстаздарға шексіз алғысымызды білдіре отырып, еңбектеріңізге шығармашылық табыс, кәсіби өрлеу тілейміз!</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C1vo_GmiupY/?igsh=MjkzeGtwdHpxNzM3">https://www.instagram.com/reel/C1vo_GmiupY/?igsh=MjkzeGtwdHpxNzM3</a></p>
<p>Кәсіптік бағдар</p>	<p>2024 жылдың 04 қаңтарында кәсіптік бағдар беру аясында Шахтинск қаласының техникалық колледжінде кәсіби сынамалар өтті. Балалар колледж мамандықтарымен жақынырақ танысып, практикалық жұмыстар атқарды.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C15x0Z-ioDa/?igsh=MTNocjl5ejlnc2Iydw%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C15x0Z-ioDa/?igsh=MTNocjl5ejlnc2Iydw%3D%3D&amp;img_index=1</a></p> <p>Шахтинск қаласының білім бөлімі мен Шахтинск қаласының ауруханасы 2024 жылға арналған «Медицинаға қадам» облыстық жобасын іске асыру аясында білім беру ұйымдарында оқушылардың кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету және медициналық сынып ашу мәселелері бойынша өзара ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік туралы Меморандумға қол қойды.</p> <p>Оны іске асыру үшін білім беру ұйымдарының кәсіптік бағдар берушілері мен аурухана өкілінің қатысуымен семинар өткізілді, оның қорытындысы бойынша ағымдағы жылға бірлескен жұмыс жоспары жасалды.</p> <p>Меморандум шеңберінде медициналық сынып оқушыларына мынадай кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіледі: аурухана директорымен кездесу, денсаулық сақтау ұйымдары бойынша экскурсиялар, медициналық кабинеттерге кіру, медициналық жабдықтармен танысу, оқушылардың бір саланың мамандарымен кездесулері («Дәрігер сағаты»), алғашқы медициналық көмек көрсету негіздеріне оқыту, диагностикалық, травматологиялық, паллиативтік бөлімшелерде практикалық сабақтар.</p> <p>«Медициналық сынып» жобасы келесі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады: Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі, Е. Бөкетов атындағы ЖББМ және №2,7 ЖББМ қазіргі уақытта осы жоба аясында айтарлықтай жұмыс жүргізуде.</p> <p>Меморандумға Оқушылар сарайы да енгізілді, оның базасында «Медициналық білім негіздері» үйірмесі жұмыс істейді.</p> <p>Негізгі мақсат – балаларды медициналық оқу орындарына түсуге ынталандыру.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C2KeJqRtOqC/?igsh=NGw2MmFncXRvNGlp&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2KeJqRtOqC/?igsh=NGw2MmFncXRvNGlp&amp;img_index=1</a></p> <p>2024 жылдың 19 қаңтарында “Кәсіптік бағдар беру” аясында 2022 жылғы мектеп түлектері, қазіргі таңда Қарағанды мемлекеттік университетінің “Шет тілдер факультетінің” 2 - курс студенті Тұрсын Еркежан және Қарағанды Қазтұтынуодағы университетінің “Экономика, менеджмент және кәсіпкерлік факультетінің” 2-курс студенті Ербатыр Медина 11 - сынып оқушыларына университет жайлы айтып өтті. Университеттің мамандықтарымен таныстыра отырып, артықшылықтары туралы атап өтті.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C2cBGurtD_e/?igsh=MTVzaWV1cnNibjJtdQ%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2cBGurtD_e/?igsh=MTVzaWV1cnNibjJtdQ%3D%3D&amp;img_index=1</a></p>

<p>«Ата-ана жұмысында бір күн» жобасы</p>	<p>4 сыныптар арасында мектепшілік іс-шара «Ата-ана жұмысында бір күн» жобасы аталып өтті.</p> <p>Жобаның өткізілу мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жұмыстың мазмұнымен мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.</li> <li>- Ата-анасының мамандығымен таныстыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</li> </ul> <p>4 сыныптар арасында “Ата ана жұмысында 1 күн” атты жоба нәтижелері:</p> <p>1- орын 4”А” Рымтай Томирис  2-орын 4 “В” Жолдыбай Аида  3-орын 4 “Г” Қожахметов Елхан иеленді.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C2AK-iUtWhr/?igsh=MWoxeWgxaXh2b2kzeg%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2AK-iUtWhr/?igsh=MWoxeWgxaXh2b2kzeg%3D%3D&amp;img_index=1</a></p> <p>2024 жылдың 19 шы қаңтарында 5 сыныптар арасында мектепшілік іс-шара «Ата-ана жұмысында бір күн» жобасы аталып өтті.Жобаның өткізілу мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жұмыстың мазмұнымен мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.</li> <li>- Ата-анасының мамандығымен таныстыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</li> <li>- 5 сыныптар арасында “Ата ана жұмысында 1 күн” атты жоба нәтижелері:</li> </ul> <p>1- орын 5”Д” Жүсіпахметова Назым  2-орын 5 “В” Турганова Шахнур  3-орын 5 “Б” Зейнегабиден Акнур иеленді. Сонымен қатар, 5 “Д” сынып оқушылары Егемберген Мухаммед және Елубай Ажар, 5 “Г” сынып оқушысы Мусирепова Марина “Өте жақсы дайындалғандары үшін алғыс хатпен марапатталынды.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C2R7n2PNKOV/?igsh=bnU3bzB4dzk1ZDhk&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2R7n2PNKOV/?igsh=bnU3bzB4dzk1ZDhk&amp;img_index=1</a></p>
<p>Тулы топ сайысы</p>	<p>5-6 сыныптар арасында өткен «Көк туым - айбыным» тулы топтар сайысынан үзінді.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C2Cj97etxQ-/?igsh=MTh2cHBpdjUwdWNuZg%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C2Cj97etxQ-/?igsh=MTh2cHBpdjUwdWNuZg%3D%3D</a></p> <p>Мектеп-лицейімізде 3В сыныбы және 8Д сыныбының ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында “Көк туым - айбыным” атты тулы топтар сайысы өткізілді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мақсаты: Ұлттық мүдде: Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл болу; Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу.</li> </ul> <p>Талап: Жеке және командамен жұмыс істей білу, дұрыс қарым-қатынас орнату.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адал болу; әдеп нормаларын ұстану.</li> </ul> <p>Сайыс қорытындысы</p> <p>5-6 сыныптар арасында  6Г сынып 1 орын  5Г сынып 2 орын  6А, 5Д сыныптары 3 орын  7-9 сыныптар арасында</p>

	<p>9Б сынып 1 орын7А, 8Г сыныптары 2 орын 9А, 9В, 9Г сыныптары 3 орын ие болды. Құттықтаймыз! Белсене қатысқан барлық қатысушыларға рақмет айтамыз! Көк туымыз биікте мәңгі желбірей берсін! <a href="https://www.instagram.com/p/C2RR5gIth9H/?igsh=MW41cHRqeHdzeXpqOA%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2RR5gIth9H/?igsh=MW41cHRqeHdzeXpqOA%3D%3D&amp;img_index=1</a> Қарағанды қаласының білім беру ұйымдары арасында облыстық Ту ұстаушылар байқауында лицейіміздің оқушылары 3 орынға ие болды. Жетекшісі: Буркитбай Лайла. <a href="https://www.instagram.com/p/C2wghqnMp1O/?igsh=OXFzZjQ0NTVpM3Nx&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2wghqnMp1O/?igsh=OXFzZjQ0NTVpM3Nx&amp;img_index=1</a></p>
Дос бол LIKE акциясы	<p>Дос бол LIKE акциясының аясында оқушылармен психологиялық тренинг жүргізілді Бүгін мектеп педагог- психологі Жұмағұл Д.С ұйымдастыруымен 8- сынып оқушыларымен “Дос бол LIKE” бойынша психологиялық тренингтер жүргізілді Мақсаты: Оқушылардың достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылау. Достарға деген қарым-қатынасты қалыптастыру, достықты қадірлей білу, бір-біріне көмек көрсету және қамқор болуға үйрету. Қатысып отырған оқушылардың өз ойларын ашу. Қарым-қатынас жасауға көмектесу. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру. <a href="https://www.instagram.com/p/C2fKliEN5TO/?igsh=MWdua2N6azMxc3dqdw%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2fKliEN5TO/?igsh=MWdua2N6azMxc3dqdw%3D%3D&amp;img_index=1</a></p>
Ата-аналарды педагогикалық қолдау	<p>8-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өтті.</p>
Эстетикалық сауаттылық	<p>Мектепалды даярлық сыныптары эстетикалық сауаттылық апталығының 2 - күнінде “Қыс қызығы” тақырыбында балалар ата-аналарымен ойын алаңын безендірді және сыныпта балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу сабағы өткізілді. Осы күні ұйымдастырылған жұмыстар балаларға қатты ұнады. Мақсатты: қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <a href="https://www.instagram.com/reel/C2dsKKOCG5b/?igsh=MXh0NWZ4dGpsbzNsdA%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C2dsKKOCG5b/?igsh=MXh0NWZ4dGpsbzNsdA%3D%3D</a> “Эстетикалық сауаттылық” апталық аясында мектепалды даярлық сыныбы мұғалімдерінің ұйымдастыруымен “Театр әлемі” атты қуыршақтар театры өткізілді. Мақсаты: балаларға театр және оның ерекшелігі туралы түсінік беру, театрландырылған ойындар арқылы баланың қиялын, шығармашылық қабілетін дамыту, жағымды және жағымсыз қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу. Бұл ұйымдастырылған қуыршақ театрында балалар ертегілерді сахналап, қуыршақ театры туралы түсініктерін арттырды. Барлығы белсене қатысып, қызығушылық танытты. <a href="https://www.instagram.com/reel/C2fRyk1NZoo/?igsh=dmY1eTJpdjFsY3Zs">https://www.instagram.com/reel/C2fRyk1NZoo/?igsh=dmY1eTJpdjFsY3Zs</a> 26-қаңтар күні мектеп алды даярлық сыныптарында «Эстетикалық сауаттылық» апталығы аясында мектеп</p>

	<p>мұражайында “Таңғажайып музыка әлемі” атты саяхат сабағы өткізілді.</p> <p>Мақсаты: Аспаптың шығу тарихы жайлы түсінік беру, ұлттық аспап түрлерімен таныстыру.</p> <p>Сабақ барысында музыка аспаптарымен таныстырып, олардың шығу тарихына тоқталып, түсінік берілді. Аспаптарды балалар қолмен өздері ұстау арқылы аспаптың дыбыстарын ажыратып, олардың өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетті.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C2mOq4btXH1/?igsh=MW5manp5ZnZhemtoOQ%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C2mOq4btXH1/?igsh=MW5manp5ZnZhemtoOQ%3D%3D</a></p>
<p>Кәсіптік бағдар</p> <p>Ауылда 10 күн жобасы</p>	<p>Патриотизм кіндік қаның тамған туған жеріңе, өскен ауылыңа деген сүйіспеншіліктен басталады. Шаңырақ бағдарламасы аясында Өзін-өзі басқару ұйымының ат салысуымен 8- сыныптар арасында “Ауылда 10 күн” әлеуметтік жобасы өтті.</p> <p>Мақсаты: Оқушыларға ауыл тіршілігі мен мәдениетін таныстыру, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, еңбекке болу.</p> <p>Жобаға белсене қатысқан оқушыларға, сынып жетекшілеріне алғыс білдіреміз. Жақсыбекова Б. 8Г 1 орын, Омарова А. 8А 2 орын, Мейраш Ж. 8Г 3 орын, Нұрлан М. 8Б Алғыс хат Мажит Ж. 8Д Алғыс хат</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C3B0G41itVj/?igsh=Zjhyd2kxY3k2Y2Fw">https://www.instagram.com/reel/C3B0G41itVj/?igsh=Zjhyd2kxY3k2Y2Fw</a></p>
<p>Мастер шоу</p>	<p>Қаңтар айының 30 күні білім алушылардың шығармашылық өзін өзі танытуы және шығармашылық әлеуетін ашу, эстетикалық тәрбие беру мен сахналық мәдениет дағдыларын қалыптастыру мақсатында, 9-10 сынып оқушылары арасында «Өнерлі жастар- мектеп мақтанышы» атты «Мастер шоу-2024» жүргізушілер сайысы ұйымдастырылды.</p> <p>Сайыскерлерге телевизиялық «Түнгі студия» бағдарламаларын жүргізу ұсынылды.</p> <p>Мектебіміздің өнерлі жүргізушілері өздеріңе сахна мәдениеті, керемет өнерлерімен, өз шығармашылықтарымен сүйсіндірді. Өнерлі білім алушыларды тыңғылықты дайындаған барша сынып жетекшілеріне алғыс білдіреміз.</p> <p>Сайыс жеңімпаздары 9-10 сыныптар</p> <p>I орын-10 сыныбы</p> <p>II орын 9в, 9г сыныптары</p> <p>III орын 9д сыныбы</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C2ul9txN15w/?igsh=MWhrMG94NWg1bzg1cw%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C2ul9txN15w/?igsh=MWhrMG94NWg1bzg1cw%3D%3D&amp;img_index=1</a></p>
<p><b>АҚПАН–ОҚУҒАҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ</b></p>	
<p>Әбділда Тәжібаевтің туғанына 115 жыл</p>	<p>2024 жылдың 6 ақпан күні Шахтинск қалалық кітапханасына Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің аға тәлімгері Бүркітбай Лайла мен 9 «Д» сынып оқушылары барды. Оқушыларымыз Қазақстанның халық жазушысы, ақын, драматург Әбділдә Тәжібаевтың туғанына 115 жылдық мерейтойына орай өткізілген әдеби іс-шарасына қатысты. Аталмыш, шарада тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы</p>

	<p>кеңінен баяндалып, біршама деректер мен қоса тақырыпқа сәйкес видеоматериалдар назарларына ұсынылды. <a href="https://www.instagram.com/p/C3CoRDDtGoO/?igsh=YWRqNXY0eHNhamtm&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3CoRDDtGoO/?igsh=YWRqNXY0eHNhamtm&amp;img_index=1</a></p>
<p>Әке жолы – ізгі жол айлығы</p>	<p>«Әке жолы – ізгі жол» әкелер айлығы аясында мектеп-лицейімізде «Әкешім-бәйтерегім» атты виртуалды поэзия сағаты ұйымдастырылды.</p> <p>Бұл іс-шараның басты мақсаты – әке мен бала арасында үйлесімді қарым-қатынас орнату; өзара сенімділікті арттыру; ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту, әрі, білім алушыларды шығармашылық тұрғысында дамыту болып табылады.</p> <p>Балалар өздерінің қаламдарынан туындаған шығармашылық жұмыстарын әкелеріне арнап жазып, оқып берді.</p> <p>Бала үшін әкенің орны бөлек. «Әке» деген сөзді айтқанда өзіне пана болар, қиындыққа қалдырмас, арманыңа қол созсаң ақ батасын беріп, ақ жол тілейтін адамың екенін бала жүрегі сезердей. «Әкең барда орындалар арманың» дегендей, өмірдегі керегіңді әкең берері анық. Әр бала тамағының тоқтығы, киімінің бүтіндігі, оқуының сапасы, ұйқыларының тыныштығы - осының бәрі де асқар таудай айбатты әкелердің, әрі аяулы аналардың арқасы екенін кішкентай жасынан түсіне білгені абзал. <a href="https://www.instagram.com/reel/C37-QQxtXHI/?utm_source=ig_web_button_share_sheet">https://www.instagram.com/reel/C37-QQxtXHI/?utm_source=ig_web_button_share_sheet</a></p> <p>Аталған айлықтың мақсаты: әкелер институтын дамыту, отбасылық құндылықтар және өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласында жаңа тәсілдерді насихаттау және қалыптастыру. «Әкелер айлығы» жоспарына сәйкес 4 сыныптар арасында Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» шығармасымен танысып, шығармадан алған әсерлерін өмірмен ұштастыра отырып, әкелер туралы «Ой толғау» жазды.</p> <p>Білім алушылар әкелер туралы жазған «Ой толғауларын» оқып, достарымен бөлісті. Бірі «Әкешім асқар тауым» десе, енді бірі «Әке көрген оқ жоңар, ана көрген тоң пішер» деп, әкелері туралы өте әсерлі ойларың жазған.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C3Hc9q0t92Y/?igsh=MTRjajhzYTA0ZGk4Yw%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C3Hc9q0t92Y/?igsh=MTRjajhzYTA0ZGk4Yw%3D%3D</a></p> <p>“Әке жолы -ізгі жол” атты әкелер айлығы аясында ақпанның 12 жұлдызында мектеп-лицейімізде 1-4 сынып оқушыларында «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты құндылықтарды оқушылармен бірге айқындау:</p> <p><b>ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</li> </ul> <p><b>АР-ҰЯТ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Өзін отбасының сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</li> </ul> <p><b>ТАЛАП</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дұрыс қарым-қатынас орната білу</li> </ul> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3RThYFCVjK/?igsh=amoxOXR3ZTVhZ2h6&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3RThYFCVjK/?igsh=amoxOXR3ZTVhZ2h6&amp;img_index=1</a></p> <p>«Әке жолы-ізгі жол» айлық аясында «Артық білім кітапта...» бағыты бойынша тоқсаныншы жылдары жазылып,</p>



оқырман тарапынан жоғары бағаланған жақсы шығармалардың бірсыпырасы заманның қиындығына байланысты жарық көрмей қалған немесе бір-екі-ақ рет аз тиражбен басылып, қайта шықпай қалған.

Солардың бірі – Қаржаубай Омарұлының «Әке» повесі.

Хикаяттағы жүрегі жұмсақ Орақтың сұсты кейпі, Айтолының мейірімділігі шебер бейнеленген.

Осы шығарма негізінде 11-сынып оқушылары «Әке -асқар тау» деген тақырыпта эссе жазып, әке образының бала жүрегінде үлкен рөл атқаратынына тоқталды.

[https://www.instagram.com/p/C3Rvz\\_MNABY/?igsh=bzg2MXpwajZkMHox&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C3Rvz_MNABY/?igsh=bzg2MXpwajZkMHox&img_index=1)

Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде «Тарихқа тағзым», «Алаш жолы» тақырыбында оқушылар және әкелермен бірге танымдық ойын өткізілді.

Мақсаты: Сайысқа қатысушылардың тарихи білімдерін дамыту. Қазақстан тарихы пәніне деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін нығайту, тарихи зерделік қасиеттерін дамыту.

Танымдық ойын барысында оқушылар белсенділік танытып, әртүрлі қойылған сұрақтарға қызығушылықпен жауап берді.

Тарихи қойылған сұрақтарға өз ойларын жетік жеткізе білді.

[https://www.instagram.com/p/C3XLe4ptB5W/?igsh=MTZ2bm9tcGNkczJ3cw%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C3XLe4ptB5W/?igsh=MTZ2bm9tcGNkczJ3cw%3D%3D&img_index=1)

Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп - лицейінде “Менің кәсібім - менің бизнесім” атты шағын кәсіппен айналысатын әкелермен кездесу өткізілді.

Мақсаты: баламен әке арасындағы қарым-қатынасты нығайту және ұлттық кәсіпті насихаттау, өсіп келе жатқан ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу және кәсіптік бағдар беру.

8 А сынып оқушылары Рыспай Нұрасыл мен Борибаев

Алиханның әкелерімен дөңгелек үстел ұйымдастырылды, шағын кәсіп иегерлері өз жұмыстарының қыр - сырымен бөлісіп оқушыларға бағыт - бағдар берді.

[https://www.instagram.com/p/C3waP5ACrco/?igsh=MXUzOGNqcmZ5ZTA0dA%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C3waP5ACrco/?igsh=MXUzOGNqcmZ5ZTA0dA%3D%3D&img_index=1)

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “ Әке жолы-ізгі жол” әкелер айлығында “Тәрбие көзі-салт-дәстүр” бағыты бойынша қазағымыздың қаймағы бұзылмаған салттарының бірі- Табақ тарту рәсімі.

<https://www.instagram.com/reel/C3zgQmktiXl/?igsh=Y2pzdDhzNWhuMnEw>

Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде “Әке жолы-ізгі жол” әкелер айлығы аясында “Етті мүшелеу. Табақ тарту дәстүрі” туралы іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Қазақ дәстүрінің ішінде қаймағы бұзылмаған салттың бірі – табақ тарту рәсімін оқушыларымызға үйрету және дәріптеу.

8 Б сынып оқушыларымен ардақта әке, сүйікті ата Жиренше атаймен танысып етті мүшелеп, табақ тарту ережелерімен танысып қайттық.

Табақ тарту да – өнер. Құтты қонақтардың алдына жасалған табақтар тартылады. Қазақта еттен табақ тартқанда оның ерекше құрмет дәрежесін білдіретін бірнеше табақ аттары бар.

Осындай табақтарды жасау үшін, осы табақтарды жасағанда әдет-ғұрып пен салт-сананы білетін адам болғаны жөн. Әр табақ қонақтарға қарай бас табақ, орта табақ, сый табақ, аяқ табақ деп ұсынылған.

<https://www.instagram.com/reel/C3zgbO3Ncdu/?igsh=ZGVhdnpraWRpamk1>

«Әке жолы – ізгі жол» әкелер айлығы аясында, мектеп-лицейімізде «Күш атасы-Қажымұқан» атты әкелер арасында спорттық сайыс өткізілді.

Жанұядағы әкенің орны, әкенің балаға деген тәрбиесін жандандыру мақсатында өткізіліп отыр.

Мақсаты: отбасылық тәрбиемен қатар спорттың да адам өміріне тигізер пайдасын түсіндіру, ата - ананы спортқа баулу, салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту және тәрбие мен спортты қатар байланыста ұстау ұсынылып отыр.

Сайыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар алғыс хаттармен марапатталып, тәттілер таратылды.

«Әке жолы – ізгі жол» әкелер айлығы аясында, мектеп-лицейімізде «Күш атасы-Қажымұқан» атты әкелер арасында спорттық сайыс

өткізілді. <https://www.instagram.com/reel/C34c35XtVuR/?igsh=MWs5bHp5dnVweDRhcw%3D%3D>

Туған өлкем, Отаным, тал бесігім,

Адамзатқа танытқан ер есімін!

Қасым туған, Әлихан мен Сәкен туған

Қарағандым,

Болашаққа айқара ақшан өз есігін!

Туған жер әркімге де ыстық дейді,

Кей адамдар бұны да түсінбейді.

Балқаш көлі, Қарқаралы табиғатын

Шет елдерді аралап, менсінбейді.

Қарағанды - Отаны кеншілердің,

Тәттімбеттей ұлы әнші-күйшілердің.

Головкиндей танытса атын жердің

Әлемге арттырады даңқын ердің!

<https://www.instagram.com/reel/C37JgJutZcO/?igsh=MXE2OGVIMG01aGp6bQ%3D%3D>

«Әке жолы – ізгі жол» әкелер айлығы аясында мектеп-лицейімізде «Әкешім-бәйтерегім» атты виртуалды поэзия сағаты ұйымдастырылды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – әке мен бала арасында үйлесімді қарым-қатынас орнату; өзара сенімділікті арттыру; ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту, әрі, білім алушыларды шығармашылық тұрғысында дамыту болып табылады. <https://www.instagram.com/reel/C37-QQxtXHI/?igsh=NG0yeXR4ZH15c3Ax>

Мың алғыс әке баққаның үшін,

Еңбекпен нанды тапқаның үшін

Бейнетіңнің зейнетін көрші

Әкешім менің мақтанышым!

28 ақпан мектебімізде

Алғыс айту күні қарсаңында 6 Д және 3 А сыныбының

	<p>ұйымдастыруымен “Әке жолы - ізгі жол” атты мерекелік концерт өтті.</p> <p>Концерт барысында аталардан бата алып, салт-дәстүрден үзінді көрсетілсе, Ы.Алтынсариннің “Әке мен бала” әңгімесінен көрініс айналды.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C39EPgPCKi4/?igsh=OTloNjVxMGZudnY%3D">https://www.instagram.com/reel/C39EPgPCKi4/?igsh=OTloNjVxMGZudnY%3D</a></p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында әкелер айлығы аясында 1-11 сыныптарда «Әке жолы-ізгі жол» атты сынып сағаттары өтті.</p> <p>Мақсаты: Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым қатынасты нығайту. Ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әкеге деген бала махаббатын ояту.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3-2NGetQhR/?igsh=MTdya2ZveDdocjd6bQ%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3-2NGetQhR/?igsh=MTdya2ZveDdocjd6bQ%3D%3D&amp;img_index=1</a></p> <p>Қазақтың атбегілері ғана емес жас балалары да ат құлағында ойнап өскен. Балаларға берілетін міндеттің бірі-тай жабағы үйрету ісі. Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінде де ат құлағында ойнайтын оқушылар көп.</p> <p>Сондықтан осындай оқушыларымыз да қазақтың мұндай дәстүрін әрі қарай жалғастырып жүр. Тай-жабағы үйрету ісі оқушылар үшін қызықты, әрі спорт.Өздері үшін пайдалы өнермен айналысқан оқушыларымыз атбегілік өнердің бір қыры екенін жақсы түсінеді.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3-2yFQt56D/?igsh=MTZsaTg4NjRxNXgybQ%3D%3D">https://www.instagram.com/p/C3-2yFQt56D/?igsh=MTZsaTg4NjRxNXgybQ%3D%3D</a></p>
<p>Кибербулинг, құқықбұзушылықтың алдын алу, «Бейәлеуметтік мінез құлықтың алдын алу», антикор,</p>	<p>05.02.2024 ж. 8-11 сынып оқушылар арасында «2023-2025 жылдарға арналған киберқылмысқа, оның ішінде телефон және интернет-алаяқтыққа қарсы күрес, сондай-ақ ойынға тәуелділіктің алдын алу туралы» тақырыбында профилактикалық іс-шара өткізілді.</p> <p>Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жасалған қылмыстар тақырыбында УҰИ-ның бастығы майор полиция Ербол Турусбекович Айдарбеков дәріс өткізді.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C29ggp4tcR1/?igsh=MmJ3Y2V2ZXpsdm5l">https://www.instagram.com/reel/C29ggp4tcR1/?igsh=MmJ3Y2V2ZXpsdm5l</a></p> <p>«Жасөспірімдерді құқықбұзушылықтан алдын алу» тақырыбында Шахтинск қаласы прокуратурасының прокуроры Мұхамеджан Абзал Әбдіманапұлы дәріс өткізді.<a href="https://www.instagram.com/reel/C3COWNINv-P/?igsh=MW52cnQzZXVxZ3Iyeg%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C3COWNINv-P/?igsh=MW52cnQzZXVxZ3Iyeg%3D%3D</a></p> <p>«Бейәлеуметтік мінез-құлықты, оның ішінде қасақана өз-өзіне қандай да бір жарақат салуды алдын алу. Кәмелетке толмаған оқушылардың үлендерге арналған көркем фильмдерді көруді және түнгі уақытта үйден тыс жерлерде болуды алдын алу» тақырыбында онлайн дәріс-әңгімелер өткізілді.<a href="https://www.instagram.com/p/C3PrWMonNMPi/?igsh=MXIOMjBkM3JoYmFhZA%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3PrWMonNMPi/?igsh=MXIOMjBkM3JoYmFhZA%3D%3D&amp;img_index=1</a></p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C3mfPw5NUn0/?igsh=Z2VsOG5waHVuazJq">https://www.instagram.com/reel/C3mfPw5NUn0/?igsh=Z2VsOG5waHVuazJq</a></p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3nZ4QjNSyB/?igsh=MWNoN2hob3czcHFydg%3D%3D&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3nZ4QjNSyB/?igsh=MWNoN2hob3czcHFydg%3D%3D&amp;img_index=1</a></p>

<p>Кәсіптік бағдар аясында: кездесулер, «Медицинаға қадам» жобасының іске асуы</p>	<p>2024 жылы ақпан айында Шахтинск қаласының білім бөлімі мен Шахтинск қаласының ауруханасы арасында жасалған бірлескен жұмыс жоспарын іске асыру шеңберінде, 41 жыл еңбек өтілі бар, өз ісінің білікті маманы, дәрігер реабилитолог - Надежда Сергеевнамен кездесу өткізілді. Сұхбат барысында дәрігер оқушылардың сұрақтарына жауап берді.</p> <p>Сонымен қатар, реабилитация 3-кезеңнен тұратынын айтып кетті, өңіріміздегі қалпына келтіру орталықтарын атап өтті. Оналту кезіндегі медициналық процедураларға арналған арнайы бөлмелерге апарып, жұмыс барысымен таныстырды. Науқастың қалпына келтіру кезінде массаж кабинетін, сонымен қатар физиотерапия, лфк және т.б. жататынын түсіндірді. Кездесу өте қызықты, әрі әсерлі болды.</p> <p>Естеріңізге сала кетейік, Шахтинск қаласының білім бөлімі мен Шахтинск қаласының ауруханасы 2024 жылға арналған «Медицинаға қадам» облыстық жобасын іске асыру шеңберінде оқушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету және білім беру ұйымдарында медициналық сыныпты ашу мәселелері бойынша өзара ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік туралы меморандум жасасты, оның шеңберінде осы бірлескен жұмыс жоспары жасалды.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3p_uK7NYdE/?utm_source=ig_web_button_share_sheet">https://www.instagram.com/p/C3p_uK7NYdE/?utm_source=ig_web_button_share_sheet</a></p> <p>Кәсіптік бағдар беру аясында 2024 жылдың 8 ақпанында Шахтинск технологиялық колледжінде 8-сынып оқушыларына арналған “Жарқын болашақ” атты интерактивті квест-ойын ұйымдастырылды. Ойын қызықты өтті.</p> <p>Лицей мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жүлделі I орынға ие болды. Кәсіптік бағдар берудің негізгі мақсаты, Әрине, оқушыларға оқу профилі ретінде таңдауға көмектесу болып табылады.</p> <p>Сондай-ақ, мұндай жұмыс жастардың еңбекке деген саналы және оң көзқарасын қалыптастыру түрінде алдына мақсат қояды. Кәсіби өзін-өзі анықтау, Тегін, бірақ саналы таңдау, бұл жеткілікті сенімді дәлелдерге негізделуі мүмкін - мұның бәрі кәсіптік бағдар беру жұмысының бастапқы мақсаттары.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3qAKWCN_OH/?igsh=dWQyZGd3dXY5aWxq&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3qAKWCN_OH/?igsh=dWQyZGd3dXY5aWxq&amp;img_index=1</a></p> <p>Әр адамның өз өмірінде жолы бар, Оны дара ету біздің қолымызда. Жүрекке жылы, көңілге ыстық ететін, «Жаныңда жүр жақсы адам» бағдарламасының бүгінгі жарқын қонағы, Шахтинск қаласының маслихат депутаты, «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің» директоры Тилеубек Аманжол.</p> <p>Өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа бар білген ақыл-кеңестерін беріп, демеу бола білген «Жаныңда жүр жақсы адам» атағына лайық! <a href="https://www.instagram.com/reel/C329i-ntH57/?igsh=MXM2YzlpOHhraWdwZw%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C329i-ntH57/?igsh=MXM2YzlpOHhraWdwZw%3D%3D</a></p>
<p>Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік</p>	<p>Ақпанда жер сілкінісі кезінде оқушылар мен мектеп ұжымын эвакуациялау бойынша сейсмикалық жаттығулар өткізілді.</p>

	<p>Оның мақсаты-ықтимал жер сілкінісі кезінде оқушылардың іс- әрекеттерін, адамдарды эвакуациялау, зардап шеккендерге көмек көрсету, жер сілкінісінің салдарын жою.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C3rjohKNLgm/?utm_source=ig_web_button_share_sheet">https://www.instagram.com/reel/C3rjohKNLgm/?utm_source=ig_web_button_share_sheet</a></p>
Бизнес жоба	<p>Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп - лицейінде 9-10 сыныптар арасында «БИЗНЕС ЖОБА» сайысы өткізілді.</p> <p>Жобаның мақсаты: Оқушылар арасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін әлеуметтік маңызы бар және ғылыми - зерттеу қызметі саласындағы талантты оқушыларды анықтау және қолдау.</p> <p>Бірінші орын алған 9 «А» сынып оқушысы Ғани Нұрсая Екінші орын алған 9 «В» сынып оқушысы Калаубаев Зейін Үшіншісі орын алған 10 «Б» сынып оқушысы Тилеу Али.</p> <p>Жоғарғы деңгейде дайындалғаны үшін 10 «Б» сынып оқушысы Камалов Мадияр алғыс хатпен марапаталды.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C3toLUfCbH1/?utm_source=ig_web_button_share_sheet">https://www.instagram.com/p/C3toLUfCbH1/?utm_source=ig_web_button_share_sheet</a></p>
«Ауылда 10 күн» жобасы	<p>Патриотизм кіндік қаның тамған туған жеріңе, өскен ауылыңа деген сүйіспеншіліктен басталады. Шаңырақ бағдарламасы аясында Өзін-өзі басқару ұйымының ат салысуымен 8- сыныптар арасында “Ауылда 10 күн” әлеуметтік жобасы өтті.</p> <p>Мақсаты: Оқушыларға ауыл тіршілігі мен мәдениетін таныстыру, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, еңбекке булу.</p> <p>Жобаға белсене қатысқан оқушыларға, сынып жетекшілеріне алғыс білдіреміз.</p> <p>Жақсыбекова Б. 8Г 1 орын, Омарова А. 8А 2 орын, Мейраш Ж. 8Г 3 орын, Нұрлан М. 8Б Алғыс хат Мажит Ж. 8Д Алғыс</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C3B0G41itVj/?igsh=Zjhyd2kxY3k2Y2Fw">https://www.instagram.com/reel/C3B0G41itVj/?igsh=Zjhyd2kxY3k2Y2Fw</a></p> <p>2024 жылы ақпан айында Шахтинск қаласының білім бөлімі мен Шахтинск қаласының ауруханасы арасында жасалған бірлескен жұмыс жоспарын іске асыру шеңберінде, емхананың тіс дәрігері С.В. Кривутьпен «Дәрігер сағаты» атты кездесу өтті.</p> <p>Светлана Вячеславовна мамандықтың ерекшеліктері, жұмыс барысындағы қызықты деректер туралы айтып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Кездесу мазмұнды және қызықты өтті.</p>
15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні	<p>Мектеп-лицейімізде “15 ақпан- Ауғанстан жерінен кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл” атты кітап көрмесі ұымдастырылды.</p> <p>Мақсаты: Ұлттық сана ,ұлттық болмысымызды қалыптастыру,әсіресе ұлттық намыс,ұлттық рух қасиеттерін қалыптастыру ,дағдыландыру</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Ауған соғысы туралы толық мағлұматтар алады.</p> <p>Оқушылардың бойында Отанға деген патриоттық сезімдері қалыптасады.</p>

Ауғанстан жерінде Кеңес Одағы армиясының құрамында болған Қазақстандықтар туралы мәліметтер алады. [https://www.instagram.com/p/C3Hh0yJNELX/?igsh=MWJtY3B6ZjF4ZzNpaQ%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C3Hh0yJNELX/?igsh=MWJtY3B6ZjF4ZzNpaQ%3D%3D&img_index=1)

“Ауған соғысына 35 жыл” атаулы күн қарсаңында Ауған соғысының тарихымен танысу мақсатында мектебіміздің 6 В және 7 Б сынып оқушылары « По Афганским дорогам памяти » музейіне (№ 6 ЖББМ) экскурсияға барды.

Ауған соғысы – Кеңес Одағы тұсындағы тарихтың ең қайғылы беттерінің бірі. 1979 жылы 12 желтоқсанда Кеңес Одағы басшыларының шағын тобы Ауғанстанға кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді.

Қазақстаннан Ауған соғысына 22000 адам қатысып, олардың 761-і қаза тапты. 21 адам хабарсыз кетті. Бүгінгі таңда Қазақ елінде 10000-ға жуық ауған ардагерлері бар. <https://www.instagram.com/reel/C3HpPyBNB9X/?igsh=ZWdzbHB5dWZtbDdo>

«Ауған соғысына 35 жыл» тақырыбында 1-11 сыныптарда сағаттары өткізілді. Оқушыларға Ауған соғысы жайлы тарихи деректі фильмдер көрсетіліп, қаламыздағы ауған соғыс ардагерлері туралы мәлімет берілді.

Мақсаты: Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіру.

Оқушыларды ұлтжандылыққа, Отанын сүйеге тәрбиелеу. [https://www.instagram.com/p/C3RUMltC2eg/?igsh=aHZiajkzaXZrOXRm&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C3RUMltC2eg/?igsh=aHZiajkzaXZrOXRm&img_index=1)

Ауған соғысына 35 жыл” атаулы күн қарсаңында тәрбие сағаты

өткізілді. <https://www.instagram.com/reel/C3SwrBaNc2N/?igsh=MXhvbHhrMWcwOGpiNw%3D%3D>

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл мерейтойына орай мектеп-лицейіміздің Ауған соғысының ардагері, ұстаз Турдыбаев Баходир Режеповичпен 10-11 сынып оқушылармен кездесу өтті.

Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды. Баходир Режепович Ауған жерінде оқ пен от арасында өткізіп, елге оралып, бейбіт күнде еңбек еткен азаматтар туралы, өткен күнді еске алып, тағылымды

[https://www.instagram.com/p/C3hRgWdt3J8/?igsh=MWFpbDk4cmxuaW9tYg%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C3hRgWdt3J8/?igsh=MWFpbDk4cmxuaW9tYg%3D%3D&img_index=1)

## НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚСАЛТ-ДӘСТҮРДІДӘРІПТЕУАЙЫ

1 наурыз–Алғысайту күні

8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні

14 наурыз–Көрісу күні. Амал мерекесі

21, 22, 23 наурыз–Наурыз мейрамы

27 наурыз–Дүниежүзілік театр күні

Алғысайту күні

1 наурыз «Алғыс айту» күні бастауыш сынып оқушылары қаламыздағы түрлі салада жұмыс атқарып жүрген мамандарды мереке күнімен құттықтап, халыққа қызмет көрсету жолындағы еңбектеріне алғыс айтып қайтты.

[https://www.instagram.com/reel/C3\\_x\\_b\\_CjI/?igsh=MTExZG9kdXB6NnpwbQ%3D%3D](https://www.instagram.com/reel/C3_x_b_CjI/?igsh=MTExZG9kdXB6NnpwbQ%3D%3D)

<https://www.instagram.com/reel/C4AMKS1tBAi/?igsh=MW9kcTZzdW90OG9sMA%3D%3D>

Наурыз “Алғыс айту” күніне арналған 1-4 сыныптар арасында “Ұлтаралық сыйластық пен достық” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты : балалардың сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Бастауыш сынып оқушылары жылы сөздерімен, қайырымды істерімен, жақсы ойларымен ақ тілектері мен алғыстарын білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/C4AqFXqNoAj/?igsh=cTdzMDZhYXh6N2tw>

[https://www.instagram.com/p/C4A6oDFt37o/?igsh=MWpnamJtaTlwNWZ3eQ%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C4A6oDFt37o/?igsh=MWpnamJtaTlwNWZ3eQ%3D%3D&img_index=1)

1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай мектеп-лицей ата-аналарының бастамасымен арнаулы акция ұйымдастырылды.

Акция барысында ата-аналар мектеп ауласын, маңайын толық омбы қардан тазалап, білім алушылардың қозғалысына кедергі келтірмейтіндей етіп тазартты. Акцияның мақсаты: мектеп ауласын қардан тазарту ғана емес, өскелең ұрпақты еңбекке баулу, қоғамға, өздері білім алып жатқан мектебіне деген жанашырлық, жауапкершілік сезімдеріне түрткі болу. «Жұмыла көтерілген жүк жеңіл» демекші, акцияға жиырмадан астам әкелер қауымы, 3 техникалық көлік қамтылды.

Акцияға қатысан әкелер осындай игі істі жыл сайын үрдіске айналдыратындарын да айтып өтті. Мектеп әкімшілігі мен ұстаздары қауымының атынан акцияға белсене қатысып, ат салысқан әкелерімізге алғысымызды білдіреміз.

[https://www.instagram.com/reel/C4BRo\\_itIm/?igsh=MTE4M255MH4MXpmcA%3D%3D](https://www.instagram.com/reel/C4BRo_itIm/?igsh=MTE4M255MH4MXpmcA%3D%3D)

[https://www.instagram.com/p/C4BWIq1t1dc/?igsh=MWVpNXQ4aXB6NG51Zg%3D%3D&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C4BWIq1t1dc/?igsh=MWVpNXQ4aXB6NG51Zg%3D%3D&img_index=1)

**5 наурыз – Әлихан Бөкейхан күні**

Алаштың арысы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханұлының туған күніне орай мектеп-лицейімізде «Ұлт мақтанышы – Әлихан Бөкейханұлы» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

Іс-шараға жауапты болған 6 «А», 2 «Г» сыныптарының оқушылары Алаш арысының өмірбаяны мен Қазақ Еліне сіңірген еңбектері жайлы жан-жақты ақпараттар берді. Қорыта айтқанда, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде өткізілген ашық

	<p>тәрбие сағатының маңызы зор болды! Көрермендер, ата-аналар ризашылығын білдірді!</p>
<p>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні</p>	<p>Өзін-өзі басқару ұйымы Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің аруларын қарсы алу сәті.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C4MsNEEiDVb/?igsh=bjZqYWpobzNzMTBv">https://www.instagram.com/reel/C4MsNEEiDVb/?igsh=bjZqYWpobzNzMTBv</a></p> <p>Ана деген дара, дана, өр тұлға, Ана деген тең келеді күн-нұрға. Құттықтаймыз, аналарды бәріміз, Аналарға арналады әніміз!</p> <p>Ардақты, ақ жаулықты аналардың орны әр кезде бөлек, әрі биік. Тіршілік бар жерде анаға деген құрмет, анаға деген ыстық лебіз, анаға деген махаббат ерекше. Мектеп-лицей оқушылары барша аяулы да ардақты аналарымызды мерекелерімен құттықтап, “Ана” әнін тарту етеді.</p> <p>Қымбатты ұстаздар, аяулы аналар! Көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз халықаралық аналар күні баршаңызға құтты болсын! Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызда бақыт, қуаныш, шаттық, береке, еңбектеріңізде табыс тілейміз! Әрдайым әдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін! Көгілдір көктемнің мерекесі, құтты болсын, аналар!</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C4PMAaaCSGS/?igsh=MTh2M3Y3dXB1ZmhqbA%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C4PMAaaCSGS/?igsh=MTh2M3Y3dXB1ZmhqbA%3D%3D</a></p> <p>Рахмет саған ана, анаңа қоңырау шал!</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C4Pgx0_NuH_/?igsh=MWR4cjJubHR1bjFyNw%3D%3D">https://www.instagram.com/reel/C4Pgx0_NuH_/?igsh=MWR4cjJubHR1bjFyNw%3D%3D</a></p> <p>Жыл сайын ұйымдастырылатын мерекелік іс-шарамызға жас түлектердің аналары арнайы қонақ болып шақырылып, балаларының ықыласына бөленуі дәстүрлі үрдіске айналды.</p> <p>Биылғы жылы да түлектер аналарына деген ыстық лебіздерін ән шашуларымен, сый-сыяпаттарымен білдірді. Әрі қарай іс-шараны өздерінің «Мектеп вальсімен» жандандырды.</p> <p>Жалпы шуақты мереке қарсаңында ұйымдастырылған шарамыз әдемі ырғақты билерімен көздің жауын алып, романтикалық сезімге толы сазды әуендер қонақтарымызды баурап алды десек артық айтпаймыз. Концертімізді тамашалаған әр ана, ұстаз өзіне деген ілтипат пен қамқорлықты, құрмет пен сыйластықты сезініп, бұл іс-шарадан ерекше ләззат алып, сергіп, бір демалып қалды деген сенімдеміз. Мерекелік іс-шараны ұйымдастырған 9 «В» сынып оқушылары мен түлектерге алғыс білдіреміз!</p> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C4QiuqyN5-y/?igsh=NnA0cjJleHNubDNh&amp;img_index=1">https://www.instagram.com/p/C4QiuqyN5-y/?igsh=NnA0cjJleHNubDNh&amp;img_index=1</a></p>
<p>14 наурыз-Көрісу күні. Амал мерекесі</p>	<p>14 наурыз елімізде Наурыз мейрамының басы - Көрісу күні. Бұл күнді амал мерекесі деп те айтады. Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туған-туыс, көршілерімен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бір-біріне деген өкпе-реніш, араздықты ұмытып, амандық тілеседі.</p>



	<p>Амал мерекесін ұлықтау мақсатында Қазақ ұлттық “Парасат” әжелер орталығында оқушылармен кездесу ұйымдастырылды. Амал мерекесінің маңызы, Наурыз мерекесінің тарихы жайлы айтылып, Ұлттық қолөнер бұйымдарымен танысты.</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C4f5yudNH-W/?igsh=OHltOWZ0eDdxеHJ3">https://www.instagram.com/reel/C4f5yudNH-W/?igsh=OHltOWZ0eDdxеHJ3</a></p> <p>Бүгін наурызнама бойынша қайырымдылық күні. Сондай-ақ мейірімділік пен татулық насихатталатын күн. Қайырымдылық тек материалдық көмек көрсетуде ғана емес, рухани қолдау, көңілі жүдеу адамды жылы сөзбен жігерлендіру де маңызды. Бұл игі дәстүр қоғамда жанашырлық, мұқтажға көмек беру және жақсылық жасауға деген ұмтылысты арттырады. Демек, Наурыз мейрамы өзара көмек пен қайырымдылықтың да мерекесіне айналып келеді.</p> <p>Мектеп-лицейіміздің 3”Б” сынып оқушылары, “Шаттық” би тобының мың бұралған бишілері және “Мейрім” еріктілер клубының белсенділері бірлесіп қайырымдылық күніне орай мектеп-интернат оқушыларына концерттік бағдарламаларын ұсынып, жақсы көңіл силап қайтты!</p> <p><a href="https://www.instagram.com/reel/C4igc3PN-aN/?igsh=bWVkdGxibmdieG15">https://www.instagram.com/reel/C4igc3PN-aN/?igsh=bWVkdGxibmdieG15</a></p>
<p>Ата-аналарды педагогикалық қолдау</p>	<p>Мектеп-лицейімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы шеңберінде наурыз айында бүгінгі таңда қоғамда белес алып отырған оқушылар тәрбиесінде маңызы бар өзекті тақырыптағы мәселелер талқыланып, ата-аналармен ұстаздардың бірлесе отырып қандай жұмыс атқарса, шешімі табылатын жолдары қарастырылды!</p> <p>Күн тәртібінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Туберкулездан алдын-алу жұмыстары!Қарағанды облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шахтинск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы” РММ жетекші маманы Дандибаева Шолпан Болатовна.</li> <li>2. “Буллинг деген не және оның қандай түрлері бар?”. Мектеп психологі Ж.М.Сейтбанова</li> <li>3. «Дефектолог пен логопед мамандарынан кеңес» Логопед Рахимбекова С.А.</li> <li>4. «Сабақ үстінде ұялы телефонды қолданбау» Тарих пәнінің мұғалімі Нығыман М.А.</li> <li>5. «Есірткі – қоғам дертті». Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мухаметжанова Н.М.</li> <li>6. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Багизий Ж.</li> <li>7. Әр түрлі мәселелер қозғалып, әр спикер видео материалдар арқылы нақты мәселені көрсетіп, шешу жолдарын айтып өтті! Жалпы жиын барысында ата-аналар тарапынан сұрақ қойылып, ризашылықтарында білдіріп қайтты!</li> </ol> <p><a href="https://www.instagram.com/p/C4kNUreNSoS/?igsh=Ynpj3RmMTRzd3U4">https://www.instagram.com/p/C4kNUreNSoS/?igsh=Ynpj3RmMTRzd3U4</a></p> <p>Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы шеңберінде өткен жиында логопед-педагог Рахимбекова Сарқыт Атеневна ата-аналарға маманмен өткен сабақтан кейін үй</p>

жағдайында баламен сабақ жүргізуге арналған кеңестермен бөлісті:

1. Баламен асықпай сөйлесіңіз, қалыпты темпте, интонациямен.  
2. Әр іс- әрекет кезінде өз балаңызбен сөйлесіңіз, мысалы, тамақ жасау кезінде, үй жинап жүргенде, киіндіріп-шешіндіргенде, ойнағанда, серуенге шыққанда және т.б. не істеп жатқаныңызды, не көргеніңізді, бала не істегенін, басқа адамдар не істеп жатқандарын және баланың не көріп отырғанын айтып отырыңыз.

3. Құрастырылған сөздерді, сөйлемдерді дұрыс қолданып айтыңыз. Сіздің сөйлеміңіз баланың сөйлемінен 1 – 3 сөзге ұзын болу керек. Егер де сіздің балаңыз өз ойын әлі тек бір сөздік сөйлемдермен ғана білдірсе, онда сіздің сөйлеміңіз екі үш сөзден тұру керек.

4. Ашық сұрақтарды қойыңыз. Бұл балаңыздың жауап бергенде бірнеше сөздерді қолдануға итермелейді

5. Артикуляциялық жаттығу- бұл ерін мен тілге арналған жаттығулар. Тіл- сөйлеу органының негізгі бұлшықеті. Тілді дыбыс шығаруға қатысты нақты қимылдарды жасай алу үшін жаттықтыру қажет. Ерін мен тіл икемді әрі мықты болуы керек. Артикуляциялық жаттығуды орындау үшін айна қажет. Бала өзінің тілінің қозғалысын көріп отыруы қажет. Бала тіл жаттығуларын жаттағанға дейін қайталай беру керек.

[https://www.instagram.com/p/C4kZVXWt3-N/?igsh=YTZtd2FkcHZvYWRt&img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C4kZVXWt3-N/?igsh=YTZtd2FkcHZvYWRt&img_index=1)

Туберкулез – бұл жұқпалы ауру, ол өкпеге және басқа мүшелерге жиі әсер ететін Кох бацилласын тудырады. Ауру адамнан адамға ауа тамшылары арқылы беріледі. Туберкулездің алдын алу жұмыстары біздің мектепте де жоспарлы жүзеге асырылып келеді.

Мектепшілік ата-аналар жиналысында Шахтинск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы” РММ жетекші маманы Дандибаева Шолпан Болатовна туберкулездің алдын алу жұмыстары тақырыбында дәріс оқып, маңызды сұрақтарға жауап берді.

Туберкулезбен ауырмас үшін не істеу керек?

\* Вакциналау (БЦЖ)

\* Зиянды әдеттен аулақ болу (ішімдік, шылым шегуден аулақ болу);

\* Дәрігерлік тексеру (флюорографиялық тексеріс)

